

МАЗМҰНЫ

Асқаров Ә. Әдебиет әлемінің әзілдері	2
Алинова М. Жазушы Роза Мұқанованың бір күні	7
Қайрат Н. Келін.	26
Ахметова З. Қазақтың қызы тұрмысқа шыққанға дейін басына орамал салмаған	29
Белғожаев А. Ұялы телефоннан гөрі, ұядан ұшатын қызға көңіл бөлу керек	33
Мыса М. Жырлайды жүрек.	36
Қалжанов А. Арқада өткен Аққыз.....	41



ӘДЕБИЕТ ӘЛЕМІНІҢ ӘЗІЛДЕРІ

Өткен ғасырдың тоқсаныншы жылдары. Жаңадан ашылған «Түркістан» газеті қазақтың мұңын мұндап, жоғын жоқтап, елдік мәселе төңірегінде бұрқыратып мақалалар жариялап жатады. Орыс тілді «Караван» газеті бірде сол мақалаларға қарсы сөз айтып, сын материал басып жібереді.

«Түркістанның» бас редакторы Қалтай Мұхамеджанов жұмысқа келген бетте редакция қызметкерлерін жинап алады да:

– Бүгінгі «Караванды» оқыдыңдар ма? – деп сұрайды.

Қызметкерлер мойындары салбырап, міңгірлеп, бастарын шұлғысады.

Сол кезде бас редактордың орынбасары Дидахмет Әшімханов:

– Қалеке, сынның өзі жас газетімізге реклама емес пе! – дейді.

Сонда Қалтай ағамыз:

– Қайдағы реклама, Дидаш-ау, біреу артыңнан тепкілеп жатса! – деген екен.

* * *

Ақын Несіпбек Айтов пен талантты ғалым Тұрсын Жұртбай түйдей құрдастар әрі жастайынан тайталасып бірге келе жатқан айнымас достар. Екеуінің бірін-бірі қажап, сөзбен түйреп, қатты қалжыңдаса беретіні де қаламгерлер қауымына жақсы таныс.

Бірде Несіпбек Астанадан өзінің машинасымен шығып, Семей жаққа жолаушылап бара жатады. Екібастұздың маңайына жақындағанда қалта телефоны шыр етіп, «Тұрсын қайтыс болыпты» деген суық хабарды естиді. Жан досы ғой, ақын машинасын жол жиегіне тоқтатып, жанарынан жас тамшылап, дел-сал қайғырып отырып қалады. Артынша әлгі хабардың жаңсақ екенін айтқан тағы бір хабар келеді. Сөйтсе, Тұрсынның Алма деген қызы ауылдағы кәрі әжесінің өмірден озғанын айтып, «апам қайтыс болды» дегенін бір ағайыны «папам қайтыс болды» деп естісе керек. Тұрсын туралы жаңсақ хабар содан шығып кетіпті.

Несіпбек шүкіршілік етіп, жолынан қалмай жүріп кетеді. Семейден қайтып келген соң достары одан:

– «Тұрсын өлді» дегенді естігенде, ай... бір... қатты қуанған шығарсың? – деп қаузайды ғой.

Сонда Несіпбек:

– Өлді дегенде, әрине, қуанғам жоқ. Бірақ «тірі екен» деген хабарды естігенде қатты ренжідім! – деп жауап беріпті.

* * *

Қазіргі «Егемен Қазақстан», бұрынғы «Социалистік Қазақстан» газетінде ұзақ жылдар бойы шешен тілді, қалжыңбас Тәжібай Битаев деген майталман журналист қызмет жасаған. Ұжымға аса сыйлы сол ағамыз қатал деген бастықтардан да жасқанбай, айтар сөзін айтып салып, қарап отырады екен.

Қазақстан Компартиясының органы «Социалистік Қазақстан» газетіне қызметте аса қатал, өмірде дегдар, жүріс-тұрысы аристократ Балғабек Қыдырбекұлы (1929–1995) басшы



болып тұрған кез деседі. Редакция ұжымында айтулы даталар мен мемлекеттік мерекелерге орайластырып «Қызыл қалам» атты қабырға газеті шығарылып тұрады. Қабырға газетін шығарушы да, редакторы да Тәжібай Битаев екен.

Сондай кезекті бір мерекеге арнап шығарған қабырға газетінде елеусіздеу бір қате кетіп қалыпты.

Ол қатені Балғабек бастықтың қырағы көзі байқап үлгереді. Содан қабырға газетін шығаруға қатысқан азаматтарды бөлмесіне шақырып, реніш білдіреді. «Неге байқамайсыңдар? Партком қайда, местком не қарап жүр! Олар неге оқып, тексеріп шықпаған?» дегендей жігіттерге жекіп, тығырыққа тірейді.

Сонда ортада тұрған Тәжібай ағамыз алға суырылып шығып:

– Бәке, әркім өзі басқаратын газетіне ие болғаны жөн шығар. Осы мен сіздің «Соцқазақстанныңызды» басқару ісіне араласпаймын ғой. Менің газетімнің шаруасына неге кірісесіз?» – деп, бастықты да, басқаларды да ду күлкіге батырыпты.

* * *

Жетпісінші жылдары Алматыда «Жеті жетім» аталған жазушылардың пайда болғаны бар. Әдебиет айдынына бірге келген қаламгер құрдастардың, жан достардың шағын тобы.

«Жетімдердің» басын қосқан Оралхан Бөкей деседі. Бұл топқа Орекеңнің өзінен басқа Кәрібай Ахметбеков, Ақселеу Сейдімбек, Қуанышбай Құрманғалиев, Бексұлтан Нұржекеұлы, Кәдірбек Сегізбаев, Төлен Әбдіков, Серік Әбдірайымов кірсе керек. Орекеңнен өзге жетеудің әкелері бәрі соғыста шейіт болған. «Жетімдер» деп аталуы да сондықтан екен.

Осы топпен әйгілі киноактер Асанәлі Әшімов та достасып, отбастарымен бірге араласып-құраласып жүреді.

Бірде Асекең «Үнемі қастарыңдамын, әмпей-жәмпейміз, қуаныш-тілегіміз ортақ, мені де жетімдерге мүше етіп алсаңдаршы» дейді. «Ой, бұл қиын шаруа, ол үшін сен біраз сыннан өтуің керек» деп достары әзілдеп жолатпайды.

Жылдар жылжып жатады. Өмірден Оралхан Бөкей өтеді. Бірер жылдан соң Кәрібай Ахметбеков дүние салады. Астанаға көшіп кеткен Ақселеу кенеттен қайтыс болады. Ақселеуден соң араға бірер ай салып Серік көз жұмады.

Сол қайғылардың бәрін бірге бөлісіп, оқиғалардың қалың ортасында бірге жүрген Асанәлі:

– Әй, сендердің мына түрлерің жаман екен. «Жеті жетімдеріңе» мені қабылдамай-ақ қойыңдаршы! – деп әзілдепті.

* * *

Ұзақ жылдар бойы еліміздің Парламентін басқарған көрнекті мемлекет қайраткері, дарқан жүректі ағамыз Оралбай Әбдікәрімов «Аңшылар қоғамын» ұйымдастырып, өзі соған төраға болады. Қоғам тарапынан «Қансонар» атты журнал шығара бастайды. Бірде осы журналдың редакция алқасын жинап, кеңес құрған басқосуда мына бір әзілді айтқаны бар:

– Жасырып керегі не, аңшылар да, балықшылар да әсершіл, эмоцияға бейім, аздап мақтанғанды ұнататын жұрт қой, – деп Орекең алдымен кеңкілдеп күліп алды. – Бірде сондай үш аңшы әңгімелесіп отыр дейді. Бірінші аңшы әнеугүні ай мүйізді екі бұғы қатар келіп қалғанда, жалғыз оқпен екеуін де атып алғанын айтып, мақтанады. Оны тыңдап отырған қалған екеуі немқұрайлы ғана: «Иә, ондай-ондай болады», – деп мақұлдап, бастарын изейді. Сөз кезегін алған екінші аңшы түнеугүні көк жүзінде ұшып бара жатқан жеті қазды жалғыз бытыра оқпен қағып түсіргенін айтып бөседі. Тыңдап отырған ана екеуі: «Иә, ондай да болады», – деп нәумез құптап қояды. Үшінші аңшы да әңгімеге араласып, ана жолы артынып-тартынып аңға барғандарын, тау қойнауына палатка тігіп, от жағып, дастарқан жайғандарын сөз етеді. «Бірақ, – дейді ол, етті асып, дастарқанды жайып жіберіп қарасақ, арақ-шарап алуды ұмытып кетіппіз». Сонда ана екі аңшы жұлып алғандай: «Жоқ, ондай болуы мүмкін емес!» – деп бастарын шайқап-шайқап жіберіпті.

* * *

Әдебиетіміздің классигі Ғабит Мүсірепов – темекіні көп тартқан кісі. Үстел басында жазу жазып отырса да, қаламгерлер арасында әңгімелесіп отырса да мүштігін бұрқыратып, қолынан тастамайтын көрінеді. Соны білетін бір дәрігер досы:

– Ғабе, темекі тартуды қойсаңыз қайтеді? – деп қолқа салады.

– Неге олай дейсің? Дәрігерсің ғой, дәлелді себебін айт! – дейді жазушы.

– Темекі адамның өмірін қысқартады, ол ғылыми тұрғыда дәлелденген! – дейді дәрігер.

Сонда Ғабең:

– Пәлі... Өзің ойлашы, ысталған ет ұзақ сақтала ма, жоқ әлде ысталмағаны ма? – деген екен.

* * *

Қадыр Мырза Әли қаламгер інілерімен ел аралап жүріп, шаршап-шалдығып, кештетіп бір ауылға келеді. Қадыр ақын келгенге кеңшар директоры нөкерлерін жинап, дастарқан жайып құрмет көрсетеді. Даяр еттен қуырдақ қуырылып, арақ-шарап құйылады. Сол екі арада Қадырдың «жол соғып шаршадық, демалсақ жөн еді» дегеніне қарамай, бата жасалып, қой сойылады. Қаламгерлер амалсыз көнеді.

Түн ортасы ауған кезде төре табақ қойдың еті келеді буы бұрқырап. Қадырдың алдына қойдың аппақ майлы жамбасын әкеліп қояды.

Сонда қазақтың қонақ күтісіндегі кейбір артық дарақылығына қынжылыс білдірген ақын:

– Ау, жігіттер, жамбасты жейтін емес, сипайтын уақыт болған жоқ па? – деген екен.





* * *

«Жазушы Асқар Сүлейменов айтыпты» деген мынандай бір әзіл әңгіме бар.

Өмір бойы қой баққан бір шал суық тиіп, күркілдеп төсек тартып жатып қалады. Кемпірімен арыздасып, былай депті:

– Бәйбіше, мінеки, мен өлейін деп жатырмын. Ақшам алдында шыныңды айтшы, мен қой бағып сыртта жүргенде жылтыңдап келіп-кетіп жүрген әнеу зоотехникпен бірдеңе болып па едің? – деп сұрайды.

Сонда кемпірі:

– Ойбай, шал, мен шынымды айтып... сосын сен өлмей қалсаң, өлтіресің ғой мені! – деп баж ете қалыпты.

* * *

Астаналық жазушы-драматург Жолтай Әлмашев ертеректе, Алматыда тұрған кезінде өзі құрмет тұтатын ағасы Дулат Исабековті қонаққа шақырыпты. Бұл ұсынысқа Дулат аз-кем ойланып тұрады да:

– Сенің үйің қай жакта еді? – деп сұрайды. Жолтай қаланың шетіндегі «Ақсай» шағын ауданында тұратынын айтады.

Сонда Дулат өкінгендей басын шайқап:

– Бір второе жеу үшін сонау микрорайонға бармай-ақ қояйыншы! – деген екен.

Әлібек АСҚАРОВ



**МҰҚАНОВА
РОЗА
ҚАЖЫҒАЛЫМҚЫЗЫ**

ЖАЗУШЫ

РОЗА МҰҚАНОВАНЫҢ БІР КҮНІ

Біз әдетте «жұлдыз» деп әспеттеп, әнші-әртістердің не істеп не қойғандарын, ішкен-жегеніне дейін аңдып жаңалық қып беріп жатамыз. Бірақ жазудың азабын тартып, ауыр ой арқалаған, күні-түні үстел басына байланып, талай архивтің шаңын жұтқан қаламгерлерді неге ұмытып кете береміз? Алғашқыларынан гөрі халыққа том-том кітап жазған соңғыларының пайдасы көбірек тиіп жатқан жоқ па?! Міне, осы ойдың әсерімен «Қаламгердің бір күні» атты жаңа айдарымызды бастаған болатынбыз. Жазушылар уақытын қалай өткізеді? Қайда барады? Қай уақытта жазуға отырады? Қай кезде кітап оқиды? Оларды осыншалық меҳнатты жұмыстың соңына түсірген қандай күш?

Міне, осы сұрақтарға жауап іздеп Астананың арайлы күндерінің бірінде белгілі жазушы, драматург, Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының лауреаты Роза Мұқанованың үйіне қарай тартып кеттік.

ҚОҒАМ МАҒАН АКВАРИУМНЫҢ ІШІНДЕГІ БАЛЫҚ СИЯҚТЫ КӨРІНЕДІ

Әкім ағаның шәйін беріп, жазу үстеліне шығарып салып, таңғы асын ішпей бізді күтіп отырған беті екен.

Дәмділеп ботқа жасап қойыпты. Таңғы шәй үстіндегі әңгімеміз өлең әлемінің падишаһы атанған Фариза апамыз туралы жылы естеліктермен басталып, әдебиетке қарай ойысты. Апайдан қазір не жазып жүргенін сұрадық.

– Толғандырып жүрген тақырыптар бар. Мен өзі түйе секілді ұзақ толғатып жүремін. Жұрттар тапсырыспен жаза салады ғой. Маған да тапсырыстар түсті, бірақ мен олай жаза алмаймын. Өмірімде тек бір-ақ тапсырысты орындадым. Ол – Әуезовтің «Қаралы сұлуының» инсценировкасы. Маған дейін оны жазып шығуды Дулат Исабековке ұсынған екен. Ол кісі бас тартқан көрінеді. Сосын Болат маған қолқа салды. «Қаралы сұлу» классикалық әңгіме ғой. Сол жылы Әуезовтің 100 жылдығы еді. Ол спектакльді Германияға алып бару керек болды да, тез арада жазу керек деді. Сондықтан келістім. Оған драматург ретінде өз тарапымнан көп нәрсе қостым. Спектакльді «Әуезовтің өзі – мықты драматург. «Қаралы сұлуды» өзі де жазар еді, бұлар бүлдірген шығар» деп Ғылым академиясының әуезовтанушы ғалымдары келіп көрді. Әйтеуір мін тақпады «М.Әуезовтің биігінен төмендетпесіндер», – деп жоғары бағаларын беріп кетті. Пьеса ойда піскен кезде қолыңның тимеуі, сылтау айтуың мүмкін емес. Бәрінен азат боласың да, жазуға отырасың. Жазудың табиғаты сол. Кей жазушылар күнделікті жазу үстеліне отырып, пәленбай жыл бойы роман жазып жатырмын дейді ғой. Мен ондай тараптан емеспін. Рас, күнделікті оқып отырамын. Бірақ күнде жазу жазып жатамын деп өтірік айтпаймын. Жазсам, күнделік жазуым мүмкін. Шығарма басымда дайын болып піскен кезде, оны жазып тастау маған қиын емес. Ал дайын болғанға дейін 5 жыл, 10 жыл жүріп аламын. Көп дүниелерімді түнде отырып жазатынымын. Қазір режимім сәл ауысты.

– Қазір жазуға қай уақытта отырсыз?

– Университетте сабағым жоқ күндер бар. Сол күндерде барлық жұмыстарды қойып, өзіме арнаймын. Бір күнімнің жартысын жазуға, оқуға арнаймын. Сөмкемде де үнемі кітап жүреді. Балалардың кішкентай кезінде оларды сабақтан күткенде де кітап оқып отыратынмын. Кейде тыңдағың келмейтін үлкен жиналыстар болады. Ондайда да кітабымды алып шығып оқып отыра беремін. Міндетті түрде сөмкемде кітап жүреді. Уақытым босқа кетпеуі керек қой. Кей жазушылар уақыты болса, қалтасынан қойын дәптерін алып шығып жаза береді екен дегенді еститінмін. Мен ондай емеспін. Маған тап-таза тыныштық керек. Маған ғарыш керек. Өздерің байқасаңдар, ағанның жазу бөлмесі бөлек, қызымыздікі бөлек, менің жұмыс үстелім бөлек. Әркім өзімен-өзі. Ас бөлмеде бас қосамыз да, қайтадан бөлмелерімізге кетеміз. Ұлымыз да сондай. Бойларында шығармашылық адамына тән дүниелер көп. Әкім ағаларың «Тасжарғанды» жерге жатып жазған. Ал менің жерге отыруым мүмкін емес, тек орындыққа отырып жазамын. Екі баламыз да есептерінің шешімін таба алмай жатқанда жерге жатып алып, ары-бері шимайлап, қағаздарын лақтырып жатады. Папасы да, мен де қалам ұстағаннан кейін, олар да шығармашылыққа жақын. Қызымыз медицинаны таңдап отыр. Оныкі де табу, іздену. Бірақ бәрібір біздің табиғатпен үндестік бар шығар деп ойлаймын. Мектептерінде эссе жазудан әрдайым алғашқы орында. Үш тілде де эссені жақсы жазады.

10 жылдай болып қалды, саяси тақырыптарға бару арманым болып жүр. Қоғамда болып жатқан құбылыстар, жаныма әсер еткен, құлазытқан, өкінткен нәрселерді тауып алып жазғым келеді. «Мәңгілік бала бейне» де жалғыздық туралы дүние ғой. Жалпы шығармаларымда жалғыздық рухы басым сияқты. «Мәңгілік бала бейнеде» Ләйлә – жалғыз, оны ешкім түсінбеген. «Саррада» да өзімен-өзі алысып тұрған Сарра жалғыз. Қоғам маған аквариумның ішіндегі балық сияқты көрінеді. Балық жемін жейді, біреудікін біреу тартып алып кетеді. Күші келгені кішкентай шабақты жеп қояды. Көктен жем түссе, бәрі таласады. Өмір – аквариум. Мен сол аквариумға сырттан қарап тұрған адаммын. Сол өмірден айта алатын нәрселерімді жазамын. Мүмкін сондықтан да үзілістер болып жатқан шығар. Мен туралы «Мәңгілік бала бейнеден» кейін ештеңе жазбай кетті» дегендер де болды. Олай емес, жазылып жатыр. Мен өзім үшін жазамын. Жұрттар өзі үшін мінәжат етеді, өзі үшін бір жерлерге барып парызын өтейді. Сол секілді, жазу да маған тазаруым үшін, жанның жайлануы үшін керек.

Осы жерде есіме театрмен алғашқы таныстығым Роза Мұқанованың әйгілі туындысы «Мәңгілік бала бейне» арқылы басталғаны түсті. Әуезов сахнасынан Данагүл Темірсұлтанованың Ләйласын көріп, жылап шықсам да, театр әлеміне мәңгілік ғашық болып шыққан едім, сол жолы. Сондықтан Роза апайымыздың драматург ретінде атын шығарған «Мәңгілік бала бейнесі» туралы сұрамай кете алмадым.

– Осыған дейін талай айтылған да шығар, бірақ мен өз аузыңыздан «Мәңгілік бала бейненің» көрермен қауыммен қалай қауышқанын тағы бір естігім келіп тұр, Роза апай.

– «Мәңгілік бала бейне» туралы өзің айтпақшы, талай айтылды ғой. Бір күні Сатыбалды Нарымбетов «Осыны фильмге айналдырайық» деп келді. Ауруханада жатқан едім. Оған: «Сатыбалды, мұны киносценарий етіп жаза алмаймын. Себебі, бұл басында әңгіме болды. Әңгіме болып шыққан кезде бәрі жылы қабылдады. Герағамыз ол әңгімені «Қазақ әдебиетінен» оқығанда «классикалық туынды» деп баға берді. Одан 3-4 жылдан кейін Атабаев драматургиясын жасап бер деді. Драматургияның да табалдырығын аттап көрейін деп, қызығушылықпен жазып бердім. Ол да өте сәтті шықты. Ал енді кино қыламын дегенің, бір тамақты біресе асып, біресе қуырып, біресе буға пісіргенге ұқсайды. Ондай тамақтан адам жалығады ғой. Басқа бір дүние жазайын, мұны қой», – дедім. Ол да «Жоқ, «Мәңгілік бала бейнені» түсіруім керек», – деп сөзінен қайтпады. «Мәңгілік бала бейненің» дүрілдеп тұрған кезі. Соған қызыққан секілді. Киносценарий жазудан бас тартқан соң, «Қазақфильм» менен сюжетті сатып алды. Сөйтіп, осы сюжетке Әкім аға мен Сатыбалды Нарымбетов сценарий жазып, «Қызжылаған» деген фильм жасап шығарды. Бірақ маған ұнаған жоқ. Өйткені, мен әңгімемдегі Ләйлә мен пьесадағы Ләйләмнан айырылып қалдым.

– «Мәңгілік бала бейне» де, «Қызжылаған» да әдемі атау. Туындыларыңызға тақырыпты қалай қоясыз?

– «Мәңгілік бала бейне» әңгіме болып шыққаннан кейін пьесаны «Қызжылаған» деп атаған едім. «Қызжылаған» жер-судың атауы сияқты. Байқасаңыз, «Қызжылаған» жұмбақ болып тұр. Қыз жылай ма екен? Әйел емес, ана емес, ол қыз ғой! Бірақ Әкім аға да, Болат Атабаев та ол атауды ұнатпай, спектакльде әңгімедегі алғашқы атауы «Мәңгілік бала бейнеге» қайта оралдық. Ол да өзімнің қойған дүнием ғой. Ал Сәкенге (Сатыбалдыны Сәкен деймін) «Қызжылаған» атауы ұнады.

ЖАЗУШЫЛАР МЕН АҚЫНДАР БІР-БІРІ ТУРАЛЫ ӘДІЛ СЫН АЙТПАЙДЫ

– «Мәңгілік бала бейнені» алғаш көрген, премьерасы болған күн есіңізде ме?

– Спектакль менің 30 жасымда қойылды. Бақытты болдым. Студент кезімде театрға «Интервью алуға келдім» деп ұрланып кіретінмін де, театрдың балконына тығылып алып, спектакльдердің репетицияларын көруші едім. Сәбира Майқанова, Нұрмұхан Жантөрин, Ыдырыс Ноғайбаев, Мүлік Сүртібаев, Қапан Бадыровтар ойнап жатады. Өздері сондай қарапайым. Режиссер 10 рет қайтала десе, 10 рет қайталайды. Сондай еңбектерін көрдім. Олар сахнаны жақсы көретін. Менің спектаклім шығарда шалды – Мүлік Сүртібаев, Шөкішті – Фарида Шәріпова, Қабылдың шешесінің рөлін Бикен Римова ойнады. Барлығы да театрдың саңлақтары. Болат мені қоймай репетицияға шақырады да: «Әртістер сөзіңді дұрыстап айтпаса, көңілің толмаса олардың көңіліне қарама айта бер», – дейді. Мен: «Сен қызықсың ба? Олар менің бала кезімнен пір тұтқан адамдарым ғой. Қалай ренжітемін?» – дейтінмін. Бір жолы қыста Қадыр Мырза Әли ағамызды КазГУ қалашығынан көріп қалдым. Басында елтіріден жасалған қара бас киімі бар. Қолында шағын портфель. Қарды сықыр-сықыр басып кетіп барады. Соңынан біраз жерге дейін еріп бардым. Аппақ қарға ізін салып, көпшіліктің арасына сіңіп кетті. Ал бір күні Ленин даңғылының бойынан Фариза апамызды көріп қалдым. Нан сататын «Россия» деген дүкеннен нан алады екен. Дәл жанымнан өтіп бара жатыр. Ауылдан енді келген кезім. Бәрін



итеріп, мен де артынан дүкенге қойып кеттім. Қандай нан, қандай тоқаш алғанына дейін көріп алдым. Кейіннен апайға осыны айтсам, апай ішегі қатып: «Немене, сонда мені, ақындарды нан жемейді деп ойладың ба?» – деп күлгені бар. Сөйткен адамдарым ғой. Оларды жер мен көктің арасындағы адам да емес, періште де емес, басқа бір әлемде өмір сүретін жаратылыстай көретінмін. Мен 7-сынып оқып жүргенде «Қыз Жібек» фильмі шықты. Меруерт Өтекешова бүкіл қазақ қыздарының кумиріне айналып шыға келді. 7-сыныптағы мен де Меруерт сияқты шашымды түйгім келді, Меруерт сияқты шашымды өргім келді, Меруерт сияқты қасымды жұлғым келді. Сол Меруерт «Мәңгілік бала бейнеде» депутат әйелдің рөлін ойнайды. Болат маған: «Меруерттің тілі қазақшаға дұрыс келмей тұр. Сен қазір ескерт», – дейді. «Қойшы, Болат. Ол деген менің кумирім ғой, қалай айтамын?» – деймін мен. Апайлар «Қалай Роза? Шығара алып жатырмыз ба?» – деп менен сұрап қояды. Оларға «Жақсы, жақсы» дегеннен артық сөз айтпаймын. Мына жақтан «олай айтпа» деп Болат ұрсады. Мен өнерге солай қарадым. Өнерде жүрген қыздарға да, әдебиетте жүрген ақын-жазушыларға да пір тұтып қарадым. Кейінгі кезде «Абай ақын емес», «Мағауин жазушы емес», «Оралхан жазушы емес» деп берілетін сұхбаттарды оқығанда, менің бір кезде қалыптасқан алыптарымның белінен қылышпен біреу орып жібергендей әсер қалдырады. Сондай ауыр. Кеше Дархан Қыдырәлі деген бауырым: «Әдебиет деген ескі араб сөздерінен енген. Әдебиет «әдеп», «мәдениет» деген сөз, оның сондай терең мағынасы бар», – дегенде ойланып қалдым. Оқырманға әдепті өз бойымыздан көрсете алуымыз керек емес пе?! Оқырман бізге еліктеуі керек қой. Мен еліктедім. Мен соларды пір тұттым. Оларға жаңағыдай тіл тиіп жатқанда жаным жүдеп, жабырқап қаламын. Негізі әділ сынды тек әдебиет зерттеушілері айтады. Ал жазушылар мен ақындар бір-бірі туралы әділін айтпайды. Оларда бәсекелестік басым болып тұрады. Олар біреу мақталса өзі соның тобығында қалдым-ау деп өкініп тұрады. Ал біреу туралы нашар пікір қалыптасса, мен биіктеймін-ау деген арман тұратын сияқты. Әдеби ортаның топ-топ болып бөлініп алғанына қатты көңілі қалған Бәлла Ахмадулинаның «Литературная шайка» дейтін термині бар. Бізде де өзара топ құрып алып, араларынан біреуді мақтап, соны шығарып, соның көлеңкесімен өздері күн көріп немесе ойларын іске асырып жатады. Меніңше, әдебиетті олай бөлуге болмайды. Бірақ біз болмайды десек те, үйір-үйір топтар бар. Бірін-бірі көтеріп «Сен кереметсің! Ой, сен де

кереметсің!» деп, алдында тұрған тауларды төбеге айналдыруға тырысады. Мен әдебиетке ондай көзқараспен келмедім. Бірақ әдебиетте бәрін керемет оқыдым деп айта алмаймын. Менің жаныма кім жақын, талғамыма қайсысы сәйкес келіп жатады, соларды оқуға тырыстым. Әлем әдебиетін де солай. Әлем әдебиетінің бәрін оқып тауысу мүмкін емес. Бірақ бала кезімнен пір тұтып, бала кезімнен қуат алатын жазушыларым болды.

– Олар кімдер? Атап айтыңызшы.

– Толстойды, Чеховты, Кобо Абэні өздерің де білесіңдер. Ал Цвейгті оқығандар өте аз деп ойлаймын. Ал мен Цвейгтің барлық шығармаларын оқып шықтым. Өзім түсінетін, өмірбаяны да, қолтаңбасы да ерекше жазушы осы – Цвейг. Қазақ жазушыларынан Тәкенді айтар едім. Тәкен – ерекше жазушы. Қазақ әңгімелерін Тәкеннің деңгейінде жазатындар некен-саяқ, аз. Тәкеннің әңгімелерінде музыка, саз, әуен қоса қалықтап тұрады. Сөйлемді әуенге дейін ұштастыру деген сұмдық қой! Сөзден әуен туғызу, ғажап! Ол қандай шеберлікті қажет етеді. Оны кәсіби жазушылар «жазушы емес» деген кезде оған қиянат жасалып жатқандай қиналамын. Жалпы талантты адамдарға қиянат көп айтылады. Ғабит Мүсіреповтің «Өзінде күйесі бар адам ғана өзгеге күйе жағады», – деген сөзі бар. Талантсыз адам, талантына сенбеген адам таланттыға күйе жағады. Талантты мойындамайды. Бірақ әдебиетті мұхит десек, онда тек кит пен акула ғана жүрсін деген көзқарас дұрыс емес қой. Онда тіршілік үшін не жүрмейді, бақа-шаян, шабақ та жүреді. Ол – заңдылық. Жалпы әдебиет туралы біржақты кесімді пікір айту қиын.

– Талантты мойындаудың өзіне талант, ерлік керек екенін айттыңыз. Қазақта проза жазып жүрген әйел жазушылар сирек. Өзіңіз қазақтың әйел жазушыларының ішінен кімнің шығармашылығын жоғары бағалайсыз? Қай шығармаларын атап көрсетесіз?

– Өте қиын сұрақ. Осы сұрақтан кейін мені жек көретін адамдар қалай көбейетінін білесіз бе? Қазақтың әйел жазушыларының көпшілігі журналистикада жүріп, кейіннен прозаға ойысады. Олардың жазғандарында журналистке тән тіл сақталып қалады. Ал журналистика – әдебиет емес. Алдымдағы апаларымның көбі дерлік журналистикадан келді. Сара Мыңжасарова, Күлиман Жүнісова, Ләтипа Құрманбаева, Шәрбану Құмарова, Кәмилә Құдабаева, Шәрбану Бейсенова секілді апаларымның барлығы жазу машақатын сөз жоқ меңгергендер.



ӘДЕБИЕТ ҮШІН ЖАРАЛҒАН ҚЫЗДАР БАР ШЫҒАР, БІРАҚ МЕН ОНДАЙ БОЛА АЛМАДЫМ

– Ал кейінгілерден ше? Өзіңізден кейінгі жастардан кімдерді мойындайсыз?

– Лира Қоныс жақсы көрініп еді, бірақ қазір баспасөзден көп кездестіре бермеймін. Сағадат Ордаштың ізденісі ұнайды, әлі қалыптасу үстінде. Әдебиетке үлкен дүние берді деп айта алмаймын. Болашақ алда, үміт үзбейміз. Қалыптасу деген ұзақ процесс қой. Жалпы, әдебиетті жынысқа бөлгенді ұнатпаймын. «Сіздің алдыңыздағы апалар немесе сізден кейінгі қыздар» деген кезде сендер менің әдебиеттегі ойымды шектеп тастайсыңдар. Әдебиет жынысқа бөлінбеуі керек. Ахматова, Цветаева, Ахмадулина, Казаковаларды алыңыз. Немесе орыс әдебиетінің бүгінгі ірі өкілі, жазушы Т.Толстаяның прозасы кімнен кем? Еш кем емес. Олар орыс әдебиетінің бір-бір шыңы. Мысалы, мен Фариза апамызға «әйел ақын» деп, оның өлеңдеріне «әйелдер поэзиясы» деп қарай алмаймын. Керісінше, жігіттердің арасында әйелдер сияқты жазатындары бар. Азаматтық емес, төмен етектегі түскен поэзия бар. Оған мен неге мынау ер-азаматтың поэзиясы деп қарауым керек? Проза да тура сондай. Мемлекеттік сыйлық алған ағалар бар. Мен олардың прозасын әйелдердікінен жоғары дей алмаймын. Керісінше, төмен. Ондай авторларды неліктен еркек болғандығы үшін ғана оқуым керек? Мен өзіме ұнайтын саф ауаны ғана жұтқым келеді, тынысымды кеңейткім келеді. Неге өзімді азапқа салып, жегім келмейтін тамақты жегендей, қиналып оқуым керек? Сондықтан жанымды сергітетін, ләззат алатын шығармаларды іздеймін. Соларды оқимын, рахаттанамын. Соларды оқығаным үшін бақыттымын, аналарды оқымағаным үшін бақыттымын.

–Әлемде жазушылығымен Нобель сыйлығын алып жатқан әйелдер баршылық. Ал біздің қазақ әйелдері прозаға өте сирек келеді. Оған не себеп деп ойлайсыз? Әлде біздің әйелдердің болмысы басқашалау ма?

– Дұрыс айтасың, әдебиетте қыздарымыз өте аз. Жалпы біздің қыздар туралы «Әдебиетті қоя тұрсыншы, баласына, отбасына қарап алсыншы», – деген пікір көбірек етек алған. Бұл – менсінбеушілік. Ақын Сара: «Күні құрсын, ұрғашының» дейді ғой. Күні құрсын деп неге айтып отыр? От пен суына араласып жүріп, үлкен поэзияны тудыратын күні құрсын» деп отыр. Біздің қыздар, дегенмен, ер. Қалам ұстап жүрген жігіттердің әйелдері солар үшін өмірлерін құрбан етіп, жағдайын жасап отыр. Олар ештеңеге аландамайды. Сөйтіп жүріп үлкен дүниелер жаза алмай жүрген жігіттерге таңым бар. Ал әдебиеттегі қыздардың отбасы, балалалары, отағасы, қызметі бар және соларға қосып, шығармашылығын қатар алып жүреді. Егер жаңағылардың бәрін бір жаққа қойып, басқа ұлттардағыдай тек шығармашылықпен айналысатын болса, біздің қазақ қыздары да үлкен әдебиетті жасар еді. Ал бірақ қыздарға «Тұрмыстарыңды тастаңдар да, тек шығармашылықпен айналысыңдар» дей алмаймын. Өйткені, өзім олай істеген жоқпын. Өзім отбасымды бақытты еткім келді. Балаларымның біліміне мән бердім. Шығармашылықпен ғана айналысамын деп, олардан бас тарта алмаймын ғой. Сондықтан да, жазатын әр дүниеме ұзақ уақыт кетіп қалады. Тек әдебиет үшін жаралған қыздар бар шығар. Бірақ мен ондай бола алмадым. Әрине, өкінішім жоқ. Мойныма салған қамытты, алтын алқаға балаймын. Жазу өзім үшін керек. Отбасымның қызметін істеп жүріп өзімнің кейіпкерімді таңдап, соның образын шығаруға тырысып жүремін. Көз алдыма елестетем. Әдебиеттегі әйел деген екіге жарылып өмір сүреді ғой. Бір жағы – отбасы, екінші жағы – шығармашылық. Менің жолымның болғандығы – Әкім ағаларыңмен бір үйде тұрып, менің айтқанымды, тілімді ол ұғып, оның айтқанын менің ұққаным шығар. Ол – үлкен бақыт. Егер оның орнында басқа бір адам болатын болса: «Жазуың не айтып отырған? Шәйінді күйсаңшы», – дейді ғой. Менің бақытым Әкім ағаларыңның: «Шәйінді қоя тұршы, бүгін тамақ та істемей-ақ қой. Менің миыма келмеген дүние, мынауыңды жаз. Осыны бітірші, басқаның бәрін тасташы», – деуі, ол оның суреткерлігі, мені бағалауы. Маған одан артық бақыттың керегі жоқ. Бір үйде, бір кәсіпте, бір мамандықта болу – үлкен бақ. Барлық жағынан саған кешіріммен, түсіністікпен қарайды. Ол – ең негізгі нәрсе. Шығармашылықты тастамай, туындылар туғызып жатқан болсам, ол – маған мүмкіндік жасап отырған ағаларыңның арқасы. Ал мүмкіндік жасалмаған қаншама қазақтың қыздары бар. Күйеуі жұмыссыз отыр, өзі базарда жүр. Сосын қайдағы әдебиет болсын?! Жазуға үлкен бап керек. Қазір қаламақы да жоқ. Өнеугүні облыстағы үлкен театрлардың бірінің басшысы: «Сіздің «Мысықтар патшалығыңыз» қойылатын болды. Бірауыздан бекітілді. Қазіргі заманға лайық актуальный дүние», – деді. Қоюға рұқсатымды бердім. Жақында қайта хабарласып: «Арзанырақ ақысына келісетін режиссер болса, режиссерлер 2-3 миллион сұрайды», – дейді. Сосын мен: «Ал маған, яғни авторға қанша қойып отырсыздар?» – деп сұрадым. Сөйтсем: «Сіз қаламақы аласыз ба? Сізге қаламақы керек пе?» – дейді. Сосын мен: «Мен қаламақы алмай жазбаймын. Барлық шығармаларыма қаламақы аламын. Және 2 миллионнан кем қаламақы алмаймын. Екі миллион деген қазір ақша емес. Негізі 5 миллион алуым керек. Бірақ маған «Апай, бізде қаражат аз

ғой. Екі миллионға риза болыңызшы», – десе, мен оларға амал жоқ келісімді беремін. «Жарайды, енді», – деймін. Сөйтіп гонорарымды алып жүрмін. Ал сендердің мыналарың барып тұрған заңсыздық қой. Менің шығармамды қою үшін режиссердің ақысын бересіңдер. Оған театрларыңның директоры айлығын алады. Өртістерің менің шығармамды ойнап айлығын алады. Менің шығармама музыка қойған композиторыңа да ақысын төлейсің. Ал авторға қаламақысын бермейміз деп қай заңға сүйеніп отырсыздар? Бұдан асқан заңсыздық бар ма?» – деп, қойылғалы тұрған спектакльді тоқтатып тастадым. Менің бостан-босқа жазатын, ақысыз жазатын жағдайым да уақытым да жоқ. Ол пьесамның қойылмай жатқанына 10 жыл болды, тағы 10 жыл жатсын. Бірақ, қойылмайды. Бұл – автордың құқығын таптау. Бұл – жазушыларды, драматургтерді бағаламау. Екінің бірі пьеса жаза алмайтыны белгілі нәрсе. Сөйтіп жазған пьесаға ақысын сұрама деу, ақысыз қойылуына келісім беру нағыз дүшпемолдалық, надандық. Ол маған: «Апай, сіздің алдыңыздағы драматургтердікін қойдық. Олар ақша алған жоқ», – дейді. Сосын мен: «Сахнада шығармасының жүріп жатқаны, атын шығарып, афишаға есімінің жазылғаны – олар үшін бақыт шығар. Маған ондай бақыттың керегі жоқ! Мен насихатқа мұқтаж емеспін. Ал сіз қойып жатқан сол шығармалар сахнаға лайық па? Ол драматургия ма? Содан кейін сендер «Ой, драматургия нашар, драматургия жоқ», – дейсіңдер. Ол шығармаларды көруге кімдер келеді? Оған адам баласы бармайды ғой. Көрермен мынандай дүниені өзім де жаза алам демей ме? Қазіргі репертуардың күйі мүшкіл. Әрине, сендерге тегін жазып беретіндер көп болады», – дедім.

Ақысыз қойылып жатқан драматургия театрды қиратады. Бәсеке болмаған



кезде не өндіріс, не шығармашылық өспек емес. Сапа болмайды. Бізде барлығын жекешелендірді. Неге театр жекешеленбейді? Неге киностудия жекешеленбейді? Неге мемлекет бұларға миллиардтап ақша құяды? Ол ақша драматургтер мен жазушыларға жетпей, театр директорлары мен жолбикелердің уысында кетеді. Мысалы, баспалардың бәрін жекешелендіріп жіберді, бірақ сол жеке баспаларға мемлекет бюджеттен қаражат бөледі. Неге бөледі? Ол баспалар мемлекеттің қаржысына кім көрінгенді шығарып жатқан жоқ па?! Мемлекетке «Міне, сендер берген тізімді шығардым» дейді, болды. Сонда әдебиетті кімдер жасап жатыр? Драматургияны кімдер жазып жүр? Киноны кімдер жасап жатыр? Сапасыз дүниені жасатқанға риза болып отырмыз. Мысалы, Қазақфильмге мемлекеттен мол қаржы құйылады. Олар оны жеке ТОО-ларға лақтырады. Ал олар мол қаражатты иелену үшін тіпті сценарий де жаза салуға дейін барады. Сюжет құруды білмей тұрып, киносценарий жазады. Кинодраматургияның заңдылығын біліп жазса, өкінбейсің ғой. Шығып жатқан сапасыз дүниелердің барлығын жазған режиссерлер, продюсерлер немесе оған мен осындай идея айттым деген министр. Біз ақша табудың осындай сорақы жолына түсіп алдық. «Мәңгілік бала бейне» тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында жазылды. Ол кезде шығармашылық жасауға шығаруға да мүмкіндік мол болды. Ол тура уақытында, сұранысында келген дүние болды. Ал тәуелсіздіктің келесі 10 жылдығында «Мысықтар патшалығы» жазылып, бас жүлде алды. Оны ешқандай театр қоймады. Себебі, автор гонорар сұрайды және оны қоятын жүректі режиссер жоқ. Өйткені, онда жер дауынан бастап көп нәрсе айтылып тұр. Ондай шығармалардың жолының ауыр болатыны сондықтан. Мен де адаммын, мен де бала-шағамды асыраймын. Менің де тамақ жегім келеді. Дүкенге барсам, маған «жазушы екенсің ғой» деп ақысыз нан бере ме? «Елдің алдында жүрген жазушысың ғой, мына қымбат көйлекті сіз киюіңіз керек» деп маған ешкім тегін киім бермейді. Оның ақшасын сұрайды. Қазір ақысыз не ала аласыз. Ал мен еңбегімнің өтеуін неге сұрамаймын?! Парадокс?! Мен қандай қоғамда, қандай мемлекетте өмір сүріп жатырмын? Еден жуатындарға дейін маңдай терін талап етпей ме. Айналайын, бұл драматургия емес пе?! Ол менің интеллектуалды жұмысым ғой. Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында театрда Әбіш Кекілбаевтың «Абылайханы», кинода Әкім Таразидың «Мұстафа Шоқайы» секілді тамаша туындылар жазылды. Ол уақытта театрлардың бәрі босап қалған, ешкім театрға келмейтін кез еді. Театрдың билеттері өтпейді. Сол кезде Тұңғышбай Жаманқұлов драматургтардың лабораториясын ашты. Егер сол лаборатория ашылмаса, «Мәңгілік бала бейне» жазылмаған болар еді. Ол соны ашып, көркемдік кеңес құрып, ең мықты деген пьесаларды таңдап, соларды сахналады. Биліктің «мынаны жаз, мынаны қой» деуге дәрмені болмады. Халықтың билет алуға ақшасы жоқ еді. Ол кезде азық-түлікті талонмен алып отырған уақыт. Сонда «Халықты тарту үшін мына шығармалар керек» деп соларды қойған кезде театрға халық сыймай кетті. Тұңғышбай – халықты театрға қайта жинап, өнерді өлтірмеуге күш салған ірі тұлға. Ал ары қарай бәрі ақшаның, сатылудың, алаяқтықтың соңында кетті. Театрлар жекешеленген болса, бәсекелестік болар еді. Халықты тарту үшін репертуардың

бәрі өзгерер еді. Егер біз тура осы қалыпта бюджеттен қаражат бөліп емексітіп отыра берсек бюджетке ғана қызмет етеміз. Бәсеке де талғам да болмайды. Көрермен де театрға қызықпайды. Ол ең ауыр нәрсе. Театрдың көрермені жоғалса, надан, үлкен тобыр пайда болады. Надан халық пайда болады. Ол ештеңенің өлшемін білмейді. Керек десеңіз, біз ондай жағдайда ұлт ретінде жойылып та кетуіміз мүмкін. Тобыр – дүлей күш. Алдына келгенді аяу болмайды, ештеңені ұқпайды, оған ештеңенің керегі жоқ. Тобыр ертең саған «Ашпын, нан бер» деп қана келіп тұрады. Сен нанын берсең, оның қарны тоқ болса, болды. Ол сенің рухани құндылықтарыңа, рухани дүниеге қарамайды. Театрдың көрермені жоғалғаннан кейін бәрі жоғалады. Мәдениетті, білім-ғылымды тобырдан талап ете алмайсыз. Тобырды ұлы халыққа, ұлы ұлтқа айналдыра алатын – БІЛІМ, ҒЫЛЫМ, ӨНЕР. Жетілу, рухани есею үшін билік заң талаптарымен ұлтқа қызмет етуі керек, мүмкіндік жасауы керек.

– Бір кездері өзіңіз де Парламентте қызмет еттіңіз. Билік өкілдерінің ортасында жүрдіңіз. Біздің билік неге экономиканы алға тартып, әдебиетті, руханиятты тұншықтыра береді? Осы сұрақтарға сол кезде жауап іздеп көрдіңіз бе?

– Біріншіден, саясаткер, екіншіден, экономист емеспін. Мен суреткер, жазушы ретінде мемлекеттік қызметте істеп жүргенде «Мысықтар патшалығын» жаздым. Бар ұққаным, бар түсінгенім мемлекеттік қызмет деген басқа жүйе. Онда бастығыңа заңды түрде қарсы пікір айта алмайсың. Субординация сақталуы керек. Сен соған ант беріп, сондай жұмысқа келгенсің. Сенің қызметің – сол. Неге бұлай деген кездер болды. Бірақ



сен сол «неге бұлайыңды» ішіңе сақтап қоясың. Ол – сенің проблемаң. Бұйрықты орындауың керек, болды. «Неге?» деген ышқынған дауыс ішінде өледі. Оған шыдасаң, жүре бересің. Жоқ, мен бұдан арғыға шыдамаймын десең, жолың әне, кәсібіңді жалғастыр да, қызметіңді таста да кете бер, орныңа басқа адам келеді. Ол жақта жұмыс істегенім өте жақсы болды. Көп дүниеге көзім ашылды. Көптеген образдарды, типтік характерлерді, сарай интригаларын көрдім. Маған сол үлкен мектеп болды. Егер мен мемлекеттік қызметте жұмыс істемеген болсам, «Шатыр астындағы Менді» де, «Мысықтар патшалығын» да жаза алмайтын едім. «Мәңгілік бала бейне» деңгейінде шығармалар жазуым мүмкін, бірақ мынандай дүние жазбаушы едім.

ЖАСТАР ЖАҚСЫ ЖАЗҒЫСЫ КЕЛСЕ, САЯХАТҚА КӨП ШЫҚСЫН

– Драматургия басып кетіп, прозаңыз қалып қойған жоқ па?

– Жоқ, олай ойламаймын. Бір сюжет ойыма келсе, бұл драматургия ғой деп, тағы бір сюжет келсе, бұл әңгіме ғой деп арасын бөліп отырамын. Өзінің дайын персонаждарымен, шиеленісімен, кульминациясымен келген дүние сөзсіз драматургия болады. Мысалы, «Үркек керімді» әңгіме етіп жаздым. Еркін Жуасбек театрдың директоры болып тұрған кезде хабарласып: «Реке, классикалық әңгімеңізді оқыдым. «Ақан сері – Ақтоқты» репертуарда баяғыдан келе жатыр. Осыны драматургияға айналдырып беріңізші», – деді. Бұл – Ақанның Жамалға ғашық болған оқиғасы. Ақан 54-те, Жамал 16-да. Қандай керемет тандем! Тезек төренің 16 жасар бұлаңдаған сұлу қызы Ақан серіні менсіне ме? Бірақ Ақанның жүрегін айтсаңшы! Өмір сүрудің қызығы болмай қалған, Құлагер құлаған, Базаралысы кеткен, Ұрқиясы өлген, Ақтоқтыға қол жетпеген, Қоскөлдiң жағасында қос тігіп жалғыз қалған Ақан Жамалды көріп, қайта жаратылғысы, қайта түлеп өмір сүргісі келеді ғой. Бірақ айттырып қойған жері бар Жамал кетіп барады. «Сырымбет» сол кезде дүниеге келеді. Бұл – әңгіме, жатқан сарын, мелодия, табиғат, ішкі дүние. Оны драматургияға қалай айналдырамын? Еркінге де: «Бұл драматургия емес, ол – әңгіме» дедім. Мен тек «Мәңгілік бала бейнені» ғана прозадан драматургияға айналдырдым. Қалғандарының бәрі таза драматургия. Өзің де қалам ұстап жүрсің ғой, жазу деген – ләззат. Біреу ләззатты шараптан табар, біреу сұлуды құшар. Ал суреткер үшін, жазушы үшін

ләззаттың ең төресі – жазу. Ол – бақытты адам. Бұларға Алла ерекше сый берген. Атыңның шығуы, халықтың мойындауы-мойындамауы бір басқа. Ағаларыңның айтатыны бар: «Жасы 84-85-ке жақындаған мен секілді қарт адам өзін қайда жіберерін білмес еді. Мен бағыма қарай жазушы болдым. Сен де менің жасыма келген кезде рахаттанасың. Жазбағанның өзінде оқып ләззат аласың», – дейді. Әкім ағаларың Сайын Мұратбековпен дос, жолдас болды. Кезінде бірге жүрді. Соңғы кездері, әсіресе 80 жылдығы қарсаңында досын қайта-қайта есіне алды. Сайындай мөлдір жазушы жоқ қой. Ол – классик жазушы. Әсіресе, кітаптарын алып, басына жастап жатады, мұқабасын сипалап отырады. Жұмыстан келіп: «Оқып отырсың ба?» – деп сұраймын. «Оқып отырмын. Сайыным-ау, биыл сенің 80 жылдығың. Мына жұрт сенің 80-ге келіп жатқаныңды білмейді ғой. Сенің мерейтойың тойланбай қала ма екен?» – деп көзіне жас толып кетеді, уайымдап отырады. Сайын аға дүниеден өткелі жатқанда Мемлекеттік сыйлықты алуына да осы Әкім ағаларың мұрындық болды. Комиссия мүшелеріне айтып, сол кездегі министр Ертісбаевты, Шерағанды көндіріп, Мемлекеттік сыйлық алуына ықпал етті. Әл үстінде жатқан Сайын ағаға келіп: «Сайын, сен Мемлекеттік сыйлық алдың ғой», – деп сүйінші сұраған еді. Онда өзі де алмаған болатын. Ағаларыңның мұнысын досқа, тіпті досқа да емес, әдебиетке адалдығы деп түсінемін. Сол досының 80-жылдық мерейтойы келгенде не істеуге болатынын ойлап, жанын қоярға жер таппады. Таразиыма жаным ашығаны соншалық, «Жас кезің болса, Сайын туралы төгілтіп, мақала жазар едің ғой», – деп, өзім қалам алып, мақала жаздым. «Классик» деп ат қойдым. «Егемен Қазақстан» екі бет берді. Сондағы ағаларыңның қуанғанын көрсеңдер. Шешесі жұмыстан келгенде жас баланың алдынан аңқылдап жүгіріп шығатыны секілді, Сайыны тіріліп келгендей қуанып, суретін сипап отырып: «Сенің қарындасың «Классик» деп мақала жазды ғой», – деді. Сол мақала да жақсы әсер еткен болуы керек, жазушының мерейтойы Алматыда тойланбаса да, туған жерінде тойланды. Біз Алматыда өтпегеніне сондай қатты қиналды. Әкім ағаларыңның көңілі орнына түссін деп, Ұлттық Өнер Университетінің ректоры Айман Мұсахожаеваға кіріп, жағдайды айттым. Ол кісі бірден қолдау білдіріп, Өнер университетінде атап өттік. Елден қарындасы, інісі келді. Қазақтың біртуар қызы Айман Мұсақожаева дастархан жайып, жан-жақтан адамдардың бәрін жинады. Сонда таңғалғаным, Сайынның оқырмандары әлі бар, әлі іздейді. Ағаларың қатты қуанып, Сайынның алдында өзінің бір міндетін өтегендей болды. Достықтың жөні бір басқа, ағаларыңның мұнысы әдебиетке адалдық деп ойлаймын. Осылай болуы керек. Топ-топ болып өтірік жазушылар мен өтірік ақындарды жасаудың қажеті жоқ. Шын талантқа қызмет ету керек. Осы кісілердің буынына тәнтімін. Бір күні Әбіш аға «Сендердің қатарларыңнан таланттылар бар. Бірақ сендерде үлкен кемшілік бар. Өздерің бас-басыңа бір-бір би болып алғансыңдар. Бірінді-бірің насихаттамайсыңдар. Талантты тұлға шын талантты мойындаған кезде, екеуі бірдей мойындалатынын түсінбейсіңдер. Роза, сендер де қатарластарың, достарың туралы, яғни бір-бірлерің туралы жазсаңдар ғана әдебиетте қаласыңдар», – деді. Шындығында да, бізде бір-біріміз туралы жазу жоқ. Біз туралы жазып жатқан кейінгі толқындар, әдебиет зерттеушілері бар. Докторлық диссертация қорғағандар да бар. Бірақ бір-бірімізді айтып, насихаттау жоқ. Неге ондай екенін білмеймін.

– Осы мәселені өзіңіз қолға алып көрмедіңіз бе? Өзіңіз бастап жазып дегендей?

– Өзімнің толқыным, замандас қаламгерлер туралы жазып көрдім. Жаңабек Шағатай, Талаптан Ахметжан, Жүсіпбек Қорғасбек, Асқар Алтай, Нұрғали Ораз т.б. шығармашылығын тілге тиек етіп жүремін. Сосын бір досымды жазамын деп, әсіре классик етіп жіберсем керек, бір жазушы хабарласып: «Роза, сен мақтағаннан кейін оқып едім», – деп көңілі толмағанын айтты. Мақтау үшін де жауапкершілік керек екен. Басқа оқырман өкпелейді екен. Төлен Әбдік ағаның әдебиетке тазалықпен қарайтынына ризамын. Ұлтқа, әдебиетке қатысты бұл кісінің басқаларға ұқсамайтын өзіндік пікірі бар. «Әбіш, жалпақшешей болғанды қойшы, осы. Мақтай бересің, мақтай бересің. Мақтауға лайық адамды мақтамайсың ба?» – деді, бір отырыста Әбіш ағайдың бір мақаласы туралы. Әдебиеттегі жолбикелерге кімдер мақтау айтпаған?! Өзім осы жасыма дейін ешкімнен алғысөз алмаппын. Мысалы, Фариза апай мені қатты жақсы көрді. Бірақ ол кісіге «маған бірдеңе жазып бер» деуге ұялдым. Бір жолы Оңайгүл: «Роза келмей, хабарласпай кетті» деп апай сені сұрап жатыр» дегеннен кейін шаруаларымды тастап, бардым. Барсам, апай бос емес екен. Ол Фариза апайдың өлім мен өмірдің арасында жүрген кезі еді. Жанындағы адам шығып кеткеннен кейін апай: «Өзін танымаймын. Шығармашылығын да білмеймін. Бірақ жанымды қоймады. «Кітабым шығып бара жатыр еді, кітабымды тоқтатып қойдым. Сіз маған алғысөз жазып беріңіз» деп қоймады. Ақыры «Өзің жазып әкелші, айналайын» деп, қол қойып бердім», – деді. Бұл не деген қатыгездік! Адамды қалай аямайды?! Мүгедек адам бірдеңеге сүйеніп тұру керек қой. Олар жығылып бара жатса: «Ей, сендер неге мені сүріндіресіңдер? Әбіш Кекілбаев, Әкім Тарази, Сайын Мұратбеков, Фариза Оңғарсыновалар мені керемет деп айтқанда, сен кімсің?» – деген балдақ керек.

– Өзіңізден кейінгі жас жазушыларға қандай кеңестер берер едіңіз? Олар жазу дағдысын қалыптастыруда неге баса назар аударғаны жөн?

– Қазіргі жастарда еліктеушілік басым. Ал бұрынғы жазушылар өмірбаянға бай еді. Олар аштықты да, соғысты да, ауа көшуді де көрді. Ал кейінгілердің өмірбаяны стандарт, тым жұпыны. Сондықтан, жастардың саяхатқа көбірек шыққаны дұрыс. Ел-жерді жиірек аралау керек. Басқа дамыған елдердің мәдениетін көріп, өзінде жоқты үйренген жөн. Өзімнің студенттеріме де «Өмірді көрмесеңдер, сендерден суреткерлік шықпайды, жазушы бола алмайсыңдар» дегенді жиі айтамын. Жас жазушыларға да басқа жаққа барыңдар, басқа елді көріңдер, басқаның білімін үйреніңдер, жетіліңдер дегім келеді.

«САРРАНЫҢ» ЖАЗЫЛУЫНА ҰРПАҚ МӘСЕЛЕСІ СЕБЕП БОЛДЫ

Кешкісін апаймен театрды бетке алдық. Өйткені дәл бүгін Роза апайдың пьесасы бойынша «Сарра» спектаклі болады. Жолда «Сарра» пьесасының жазылу тарихын әңгіме болды.

– Осыған дейін Болат Атабаев Әуезов театрында «Мәңгілік бала бейнемді», ТЮЗ-да мен инсценировкасын жасаған Әуезовтің «Қаралы сұлуын» қойды. Ол да жемісті болды, жақсы жүрді. Басты рөлді белгілі актриса Гүлжамал Қазақбаева ойнады. Енді міне, арада 20 жылға жуық уақыт өткенде Астананың Қаллеки театрында «Сарраны» талантты режиссер Гүлсина Мирғалиева қойды. Бұл – режиссердің менімен болған алғашқы жұмысы. Көрермен жылы қабылдап жатыр. Қазіргі қоғамның бейнесін көрсететін өткір дүниелерге сұраныс жоқ. Әлдебіреу, әлдебір адамдарға ұнамай қаламыз ба деген жасанды үрей бойлап алған. Оларды қорқытып отырған да ешкім жоқ. Өз көлеңкелерінен өздері қорқады. Әйтпесе, «Мысықтар патшалығы», «Шатыр астындағы Мен» атты екі пьесамның біреуі «Қазіргі заман драматургиясы» жұлдесін алса, екіншісі мемлекеттік грантты иеленді. Бірақ екеуі де сахнаға жол тартпады. Баяғыда А.П.Чехов орыс қоғамының күйреп, іштей шіріп жатқанын көрсететін әйгілі «Жетінші палата» атты шығармасын жазып бітіп, «Вестниктің» бас редакторына жіберіп тұрып: «Мен мына дүниемді бітірдім. Осыны сіздерге жариялауға жіберіп отырмын. Маған қаламақы керек. Өзіме сәл қызықсыздау көрініп тұр. Сендер де солай деп тапсандар, арасына бір махаббат оқиғасын кірістіріп жіберейін», – депті. Сол сияқты, мен де анау жұлде алған екі шығармам қазақ қоғамына аса көңілсіздеу көрінген соң «Сарра» тақырыбын ұсындым.





– Таңдауыңыз неге «Сарраға» түсті? Бізде басқа да жазуға тұрарлық әйелдер бейнесі көп емес пе?

– Мен кезінде Рабғузидың «Қисасул әнбиясын» аудардым. Оның ішінде көптеген қиссалар бар. Арасында осы Сарра да кездеседі. Сол уақыттары «Күндердің күні болғанда, Сарраға ораламын, драматургиясын жасармын» деп ойлаған едім. Ойлағанымдай ақыры 27 жылдан кейін бұл тақырыпқа қайта келдім. Аударған кезім отызға келмеген, тұрмысқа шықпаған уақытым еді. Егер сол кезде балалықпен қызығып, жазып шықсам, бұл «Сарра» болмайтын еді. «Сарраны» елуден асқаннан кейін жазуым керек екен. Мен ол кезде Сарраны ұнатпағанмын, Ажар жағында болғанмын. Қазіргі жасымда Сарраның ішкі философиясын жақсы түсінемін. Өзі әйгілі, өзі сұлу, өзі пайғамбардың әйелі Сарраның күйеуіне Ажарды алып беріп, ұрпақ үшін күрескендігі үшін ол жағындамын. Қазір біздің қоғамда «Неге әйел үстіне әйел алды? Неге олай тұрмысқа шықты? Неге? Неге?» деген сұрақ көп. Ал бізге мынандай үлкен жерді алып сақтап қалу да сын емес пе?! Қыздар ойлануы керек, күрескер болуы керек. Ұрпақ көбейтуге бел шешіп кірісуі керек. Қазақ қыздарының миссиясы – қазақты көбейту. Сарра да ұрпақ үшін өз эгоизмын жеңеді. Пьесада көрсеткім келген дүниені қаншалықты көрсете алған-алмағанымды білмеймін. Бірақ спектакльден шыққаннан кейінгі қыздардың жазғандарын оқығанда жеткізе алған екенмін деп ойладым. «Өзімізді өзіміз жек көріп шықтық», «Өзімді тәрбиелеуім керек екен», «Пендешілігіміз бар ғой, содан арылу керек екен» деген де жазбалар болды. Қыздардың солай жазып жатқандары көңілімнен шықты.

– Қазіргі кезде ер-азаматтар тарапынан екі әйел алуды заңдастыру мәселесі жиі көтеріліп жатады. Сіздің жоғарыдағы пікіріңізге қарасам, осы дүниеге қарсы емес сияқтысыз...

– Ешкімге екі әйел алсын деп міндет жүктемеймін. Бірақ қыздарымыз, келіндеріміз, жалпы әйелдер қауымы мүмкіндігінше ұрпақты көбейтуді ойласа деймін. Бұрынғы аналарымыз 10-15 құрсақ көтеруші еді ғой. Біздің қыздарымыз да қорықпасын, ұрпағын көбейтсін. Ұрпақ деген – байлық. «Сарраның» жазылуына осыған ұқсас оқиға себеп болды. Бір актер жігіт бар еді. Сол: «Біздің театрға кәсіпкерлер, ауқатты адамдар көп келеді. Сондай бір ағамыз: «Сендерде барлық тақырыптар бар. Тарихи тақырыптар тіпті көп. Алайда қазіргі проблемалар жайлы дүниелер аз», – депті. Не көргісі келетіні туралы сұраққа: «Мен өте ауқатты адаммын. Жалғыз қызым бар. Әйелім одан кейін құрсақ көтере алмады. Әйелімді де, қызымды да қатты жақсы көремін. Алайда балаларымның көп болғанын қалаймын. Театрларында әйелім көріп, ойланатын дүниелер болса деймін. Мен сияқты жігіттер көп. Балалары жоқ отбасылар да бар. Әйелдерді өзіндік менін жеңуге ұмтылдыратын, даналықты, саналықты ұялататын дүниелерді көргіміз келеді. Неге сондай тақырыптарды көтермейсіздер?» – депті. Ол жігіт пьесаны жазатын актер емес, драматург екенін қайдан білсін?! Осы сөздерді естігенде баяғы Рабғузидың өзім айдар тағып кеткен Сарра туралы қиссасы есіме түсті. Жаңағы актер жігітке айтып беріп едім, ол: «Апай, осыны жазып беріңізші», – деп қолқа салды. Сөзі маған қамшы болып, «Сарра» жазылды. Оның ішінде қазіргі әйелдердің де образы бар.

– Бір сұхбатыңызда осы рөлді белгілі актриса, Қазақстанның Халық әртісі Гүлжан Әспетоваға арнап жазғаныңызды айтасыз. Бірақ неге екенін қойылымда «Сарраны» Әспетова ойнамады ғой?

– Менің «Императрица У» деген туындым бар. Соны кезінде қазақ театр сахнасы тарландарының бірі Фарида Шәріпова апай оқып шығыпты. Ол кісі «Мәңгілік бала бейнеде» Шөкіштің рөлін ойнайтын. Бір күні Фарида апай хабарласып тұр: «Мынау – мен ойнайтын рөл. «Уды» оқып шығып, «Удың» образын толық түсіндім. Сен осының драматургиясын жаса. Осыны мен ойнағым келеді», – деді. Ол кезде жас едім, балалар да кішкентай еді. Қағаз, қалам ұстап отыруға уақыт жоқ. Ағаң екі жерде жұмыс істейді, мен де бірнеше жерде жұмыстамын. Тұрмыстық жағдайымыз да бабында болған жоқ. Жазатын адамға бап керек. «Иә, апай», – деп уәде бергеніммен, жазуым созылып кетті. Сөйтіп жүргенде апай да дүниеден озып кетті. Өзімнің кешірмейтін өкінішім болатын болса, ол – Фарида Шәріповаға берген уәдемді орындай алмағаным. Бәрін жиып тастап, сол кісінің өтінішін орындап берсем болатын еді ғой... Осы оқиғадан кейін арада жылдар өтті. Біз Астанаға қоныс аудардық.

Парламентте істеп жүрген кезім. Бір күні Қазақстанның Халық әртісі Гүлжан Әспетова хабарласты. Ол кісі әңгімесін «Розочка» деп бастайтын. Сол қарқынмен «Розочка, мен болсам алпыстан асып кеттім. Жас деген кетіп барады. Қашанғы жүрер дейсің? Әзекен болса кетіп қалды. Соның шығармаларында ойнадым. Менде қазір түк жоқ. Маған бірдеңе жазбайсың ба?» – дегенде, баяғы Фарида апай есіме түсті. Дереву «Жақсы, ойланайын», – деп уәде бердім. Ол кісі мені әр жерде жиналыста көрген сайын: «Не болды? Уәде беріп едің ғой?» деп сұрап тұрды. Сөйтіп жүргенде жаңағы актер жігіттің айтқаны қамшы болып, «Сарраны» жаздым. Жалпы, Сарраның келбетінен Гүлжанды көрдім. «Осы ойнайды, осы сөзді айтуға лайық, мына сөздерді бабына келтіріп тұрып айтады», – деп, жазу барысында Әспетова көз алдымда тұрды. Соған ыңғайлап, солай жаздым. Бірақ оған ол кісінің денсаулығы келмеді. Жасы 70-тен асып барады. «Сарраның» монологтары ұзақ. Оның бәрін жаттау керек қой. Жастардың өзі кей жерлерінде сүрініп кетіп, репетицияда реніш туғызып алады. Мен өмірде де тазалықты өте жақсы көретін адаммын. Шығармашылықта да солай. Сөзімді басқа біреудің басқаша айтып, өзінің жанынан сөз қосуын еш құптамаймын. Маған ондай актерлер ұнамайды. Бірден жөнге салуға тура келеді.

Жазып біткеннен кейін Гүлжанды бірден: «Жазып болдым, кел!», – деп шақырдым. Бір кафеге барып, бір бұрышта отырып, екеуміз оқыдық. Бір кезде Гүлжан: «Мен елестеттім. Сарра деген алтынға малынған, керемет бай, ханшайым ғой», – деді. Осы жерден екеуміздің пікіріміз екіге жарылды. Мен: «Жоқ, ол – Пайғамбардың әйелі, қарапайым ғана өмір сүрген, парасатты, кемел ойдың иесі бірақ, оның бар байлығы қауашағының ғана ішінде», – дедім. Енді оны да түсінуге болады. Актрисалық көзқараспен қарап тұрған шығар. Менің сөздерім көңіліне келген болар. Ақыры рөлден бас тартты. Сосын пьесамды режиссердің қолына ұстатып: «Сарраның рөліне, Ажарға кімді көріп тұрсың? Оның бәрін сен шешесің. Мен саған өзімнің беретінімді бердім», – дедім. Актер таңдауға араласқан жоқпын, жалпы ондайға араласпаймын. Айнұр, Сая, Лейло ойнайды. Көңілімнен шықты. Үш Сарра, үш Ажар, алты әйел ойнайды.

Спектакль соңынан апай театр ұжымымен бірге дастархан басына жайғасып Сарралар мен Ажарларға алғысын білдірді. Ал әбден қас қарайып, кеш батқанда, бүгінгі рухани күннің әсерінен айыға алмаған күйі үйімізге қайтып бара жатқан едік. Сол бір күннен кейін өнерге, әдебиетке бар жан-тәнімен ғашық болып, кейін солардың ортасынан өзі де ойып тұрып орын алған Роза Мұқанова көпке дейін ойымыздан шықпаған болатын.

Марфуға АЛИНОВА



Келін

Айнұр қаланың қызы. Жасынан ақылды ерке болғанымен шаруаға епсіз болып өсті. Көзінің қарашығындай болған жалғыз қызын анасы көп жұмсамай, аялап, мәпелеп өсірді. Алайда ақылды ана қызының жан-дүниесінің жұтаң болмауын бірінші орынға қойып, оны жастайынан кітап оқуға баулыды. Зерделі де зерек, рухани жағынан толысқан ерке қыз бойжеткен соң өз бақытын ауылдан тапты. Ойдым-ойдым жолдары бар, ұялы байланыс ұстамайтын, дұрыс ауыз суы да жоқ қияндағы ауылға Айнұр сүйген жігітімен қол ұстасып кете барды. Содан бері бес жыл өтті. Келгелі бері ата-енесінің қабағын аңдып, солардың бабын табудан жалыққан емес. Қолынан көп нәрсе келмейтін ол алғашында бүлдіріп, күйдіріп-жандырып жүріп бәрін үйреніп алды. Сиыр сауа алмай, көзін көгертті, ошаққа нан жабам деп қолын күйдірді. Қырық тесік қылып, еттің нанын жайды. Бірақ Айнұр жасыған жоқ. Қалайда бәрін үйренемін деп алға талпынды. Нәтижесінде аз уақыттың ішінде бесаспап келін атанды. Қазір ол таңғы бесте тұрып он сиырды сауып, өріске жібереді. Үйге келіп шай қайнатып, су жылытып қояды. Осы аралықта ұйқыдан тұрған ата-енесі мен үйленбеген қайынағасына ыстықтай, дәмдеп шайын береді. Қариялар шайды ұзақ ішеді. Жазғы күндері ауладағы ошаққа шай қайнатып, шоқтың шайын береді. Сүт тартып, май, қаймағын жасайды. Қысы-жазы сиыр сауылатындықтан бұл үйден құрт-ірімшік үзілмейді. Бәрін бітіріп, мектептегі жұмысына жүгіреді. Мұғалім болып жұмыс жасайтын ол мектепте де алғыр ұстаздардың қатарында.

Сынаптай сырғыған осы уақыт аралығында үш баланың анасы атанды. Күнделікті күйбең тірлікпен жүгіріп жүрген күндердің бірінде өзіне ақылшы, қамқор болған енесі айықпас дертке шалдықты. Бір-біріне үйелмен-сүйелмен үш баланың қасына енесі төртінші бала болып қосылды. Бірақ Айнұр бұл жолы да шыдамдылық пен табандылықтың шынайы үлгісін көрсетті. Анасы ауырып қалды дегенді естіп, қала маңында тұратын үлкен қызы жылап-еңіреп жетті. Бір аптадай қасында болып, жуындырып-шайындырып, шашын тарап, тамақ беріп, жүгіріп жүрді. Бірақ кетерінде анасының құлағындағы алтын сырға мен алтын жүзікті өзімен бірге ала кетуді ұмытпады. Сөйтіп күндер өтіп жатты. Көрші ауылда тұратын ортаншы қызы бала-шағасымен анасын бағуға келді. Ол да үйдегі жалғыз келін Айнұрға болысқан болып, анасын қарап, жанашырлық танытты. Он күндей жатқан соң ортаншы қызы да кетерінде анасының қобдишасын ақтарып, алтын-күміс әшекейлерінің біразын өзімен алып кетті. Күнде келіп шай ішіп кететін ауылда тұратын кіші қызы да қалған алтын бұйымдарды өзімен алып кетті. Қобдишада жалғыз ғана қызыл көзді алтын сақина қалды. Ертеңгі күні енесіне ас алып келген Айнұр оның теріс қарап, бүк түсіп, тұншығып жылап жатқанын көрді. Көз жасын тия алмаған кейуана: «Үш қызым бар деп мақтанушы едім.

Бірақ үшеуінің сенің қолыңа су құя алмайтынынын көріп, қарным ашып тұр. Қыздарымының өресі осыншалық тар бола ма? Мені асты-үстіме түсіп, шын көңілмен баққан сен ғанасың. Бақытты бол! Балаларың да өзің сияқты парасат-пайымы биік болып өссін» деп фатихасын береді. Түскі шайға келген кенже қыз шай үстінде анасының қобдишасында қалған жалғыз алтын сақина келінге тиесілі екенін, анасын адал бағып жүрген Айнұр екендігін айтып, енді ешкімнің ол сақинаға тиіспеуін сұрады. Жүзін төмен салған Айнұр: Мен апамды алтын үшін бағып жүрген жоқпын. Бұл менің – келіндік парызым. Ол кісі әлі жазылып кетеді. Бәрі Алланың қолында. Маған ол кісінің фатихасы да жетеді, – деп, шай құймақ болып атасының кесесіне қол созған еді, көзінен парлап аққан жасын көрсеткісі келмеген күйі үлкен кісі үнсіз ғана дастархан басынан тұрып, кетіп барады екен.

Санаулы күндерін өткізіп жатқан ана төбеге қарап, ойланып жатып, үш қызы мен келінін салыстырды. Бірден қолы қалт етсе шұқшиып кітап оқып отыратын келінінің ішкі жан дүниесінің мол қазынаға толы бай екенін осы кезге дейін аңғармай келіпті. Байқап қараса қыздарын жалт-жұлт еткен жалтырақ дүниелерге құмар қылып, тәрбиелеген өзі екен. Өзінің материалдық құндылықтарға ғана мән беріп, олардың рухани жұтаңдығын ескермегенін кеш түсінді. Былайғы тірлікте жалт-жұлт еткен дүние бірінші орында болғанмен, өмір мен өлімнің арасында жатқан адамға таза рух ғана қажет екен. Жаны қиналып жатқан сәтте қора толы малдың да, сірескен дүниенің де, қобдиша толы алтынның да көк тиын қадірі жоқ екенін ұғынды. Өзінің бала тәрбиесіндегі қателігін кеш түсінген Айнұрдың енесі соңғы күндерін өксікке толы өкінішпен өткізіп жатты. Өмірден өтер сәтінде қыздарының бәрі келіп, «апалап» айнала қоршап, жылап отырды. Көздерінен тарам-тарам жас ағып жатқанымен үш қызының да санасында анасынан қалған өзге де бағалы заттарды бөлісіп алу жоспары тұрды. Қиналып жатқан ана жанына босаға жақтан тараған жарық сәуле ғана жылылық сыйлағандай болды. Дәл осы сәтте босағада тұрған жалғыз келіні ғана шын ниетімен енесінің екі дүниеде жамандық көрмеуін тілеп, өзі білетін Құран сүрелерін күбірлеп оқып тұр еді...

Нұрылқасым ҚАЙРАТ



Зейнеп АХМЕТОВА:
«Қазақтың қызы тұрмысқа
шыққанға дейін басына орамал
салмаған»



«Әуретті жерлерінді жап» дейді. Ол деген сөз ұятты жерлерінді жап дегені. Сенің басың, бетің ұятты жер емес қой. Ол құдайдың жаратқаны. Ұятты жер мына мойыннан төмен жақ. Қазақ онсыз да ол жерін ашып шашқан жоқ. Қазақтың қызы тұрмысқа шыққанға дейін басына орамал салмаған. Кәмшат бөрік, құндыз бөрік, үкілі тақия, шашақты сорабақ, моншақты қасаба, жырға деген сондай әдемі баскиімдер болған. Шаштарын он күн тарап, бес күн өрген деген, шаш күтіміне көп көңіл бөлген. Қолаң шаш, сүмбіл шаш, қара шаш, алтын шаш соның бәрі қыздың шашы. Сонда не мұсылман болады екенбіз деп соның бәрін жерге көмуіміз керек пе? Ананың барлығы арабтардыкі. Арабтың жері ыстық, құм боран соққан бұрын. Сонда еркегі бар әйелдің бәрі көзінен басқаның бәрін жауып тастаған қарамен. Енді соны алып келіп бізге тықпалайды. Мұсылман болу үшін араб болудың керегі жоқ. Мысалы, арабтар керемет болатын болса, тегі бір, діні бір, тілі бір неге бір-бірін қанға бөгіп жатыр? Қырып жатыр. Қаншама жыл болды. Оның несі ислам? Оның несі шарият? Құдай сақтасын. Қазақтар бұрын жер дауы жесір дауы деп барымтаға шыққанымен, оның өзінде екі ауыз сөзбен бітіріп отырған. Сөзге тоқтаған. Қазақ өте құдайшыл халық. Бірақ фанатик емес. Қазақ бір ауыз сөз «Құдайсыз қурай сынбайды» деген бір ауыз сөзбен



құдайды мойындаған. Ең жаман адамды құдайсыз адам дейді. Жақсы адамды «Ой, құдайы бар екен айналайын» деп айтып жатады. Арабтар бұрын пұтқа табынған. Екі қыздың біреуін тірідей көміп отырған. Содан мына «Тарихи жад» (Историческая память) содан қалып қойған. Әйелді төмен көру қанында бар. Бәрібір тегіне тартпай тұрмайды. Ал қазақта керісінше «Ырыс алды қыз» деп, ырымалдысы қыз болғанда керемет қуанған. «Кететұғын бала, қонақ» деп, қызды әкенің үйінде жүргенде әбден еркелеткен. Жақсыны кигізген. Дәмдіні жегізген.

Қолынан келсе жорғаны мінгізген. Қызды ешқашан есік жаққа отырғызбаған. Оң жаққа төрге отырғызған. Тұрмысқа шықпаған қызды оң жақтағы қыз дейтіні содан. Отырған қыздың аяғынан аттау үлкен күнә болып саналған қазақта. Қыз балаға қол көтеру ол үлкен қылмыс болып саналған. Қыздар жаугершілік кезде әкелерімен ағалармен қатар сауыт киіп жауға аттанды. Шайқасты. Оған тарих куә. Айтысты, айтысқа түсті. Бәрін былай қойып, қыз қууды қарашы! Анау жігіттерді шықпыртқан кезде қандай, аттың құлағында ойнаған. Енді неге осының бәрін жауып, жерге көміп, мұсылман болады екенбіз деп, бейшара қыздардың басына қара орамал салуымыз керек? Қара орамалды байы өлгенде салады. Қаралы әйел дейді оны. Мысалы, Әуезовтің «Қаралы

сұлуында» әйел жыл бойы басына қара орамал салады. Жыл өткеннен кейін жақындары келіп, қаралығын түсіріп, ауыстырып жатады. Өздерін өздері қор қылып, сор болып жүр. Үйлерінде теледидар көрмейді, ешқайда шықпайды, әйтеуір бала туып жатқандары бар, тек анау еркекке қызмет етуі керек бітті. Біраздан кейін надандық шығады. Білімсіз анадан білімсіз ұрпақ көбейеді. Біз біріншіден біліммен, екіншіден өзіміздің тіл арқылы таралатын дәстүрмен ғана ұлтымызды сақтай аламыз. Әрбір адам ұлтымен бірге туады. Ұлтыңмен бірге туған соң, ұлтыңның тілі, бүкіл салт-дәстүрі, елі, жері, тарихы саған да тиесілі. Бұл жерде егер дін ұлттың үстіне шықса, ұлт жойылады. «Екі сөздің бірінде қазақтың деп айтпа, мұсылманмын деп айт» дейді. Көрдің бе қандай құйтырқы жаман нәрсе жатыр? Мына радикалды дінге қарай бұрылатындардың ішінде еркекке қарағанда әйелді қайтару қиын екен. Айтыскерлер, небір спортшылар кетті. Атағы барлар мен ақшасы барлар алдымен қармаққа түсіп жатыр».



A close-up photograph of a woman's hands holding a white smartphone. She is looking down at the screen, which displays a messaging app interface. The background is blurred, showing a wooden surface and a person's arm in a light-colored shirt.

**ҰЯЛЫ ТЕЛЕФОННАН
ГӨРІ,
ҰЯДАН ҰШАТЫН
ҚЫЗҒА КӨҢІЛ БӨЛУ
КЕРЕК!**



Халқымызда «Ауруын жасырған өледі» дейді. Көпке топырақ шашудан аулақпыз. Дегенмен, біз қаламасақ та, қазіргі қазақ қоғамындағы қыз тәрбиесіне бей-жай қарау осылай жалғаса беретін болса, бір ұлттың жер бетінен жойылып кету қасіретіне әкеліп соқпасына кім кепіл? Кешегі қазақ қызының сыр сипатына, бүгінгі қазақ қызының болмысы неге сәйкес келмейді? Салыстырып, олқы тұстарын көрсетіп бердік. Ары қарай тәрбие тізгіні өзіңізде.

КЕШЕ МЕН БҮГІН

КЕШЕ: Атадан қалған ұлағатты тәлімді сақтай отырып, ұлттың ұятына көлденең келер іс жасамаған.

БҮГІН: (Бәрі емес, әрине) Ұятын ойлайтын қыздар саны сиреген. Тыңдалмай жатқан жетім сөз көп. «Заман осындай» деген желеумен Батыстық менталитетке ден қойған.

КЕШЕ: Жасы үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсетіп, ата-анасының ақылын аяқасты етпеген.

БҮГІН: (Бәрі емес, әрине) Алдына келіп ақыл айтпақ түгілі, үлкені мен кішісі, тіпті үйіндегі ата-анасы істің дұрысын айта бастаса «Өзім білемін, өзімнің де басым бар», – деп, сөз көтере алмайтын болған.

КЕШЕ: *Абыройы мен арына дақ түсірмей, «Ар – иманның жолдасы» деп білген. Егер абайсызда ұрынып қалса, ауыр жазаға тартылған.*

БҮГІН: (Бәрі емес, әрине) «Қымбат-ау қыздың ар-мұңы» десек те, бесіктен белі шықпай жатып аяғын шалыс басып, арынан айырылып қалып жатқан қыздар саны артуда.

КЕШЕ: «Шешесі қыдырмашыл болса, қызы бастанғышыл болады» деген жаман атақ шығармас үшін, әке рұқсатынсыз есіктен аттап шықпаған.

БҮГІН: (Бәрі емес, әрине) Өкініштісі сол, әкеден сұрану былай тұрсын, түнгі клубтарда табанын тоздырып, лыпасын қалдырмай шешініп жарысып жатқанын көргенде ұяттан кірерге тесік таппай, еріксіз жаның егіледі.

КЕШЕ: Алқалы жиында көсемсіп сөз бастап, өзін көрсетуге тырыспаған. Шеше тұрып, қыз сөйлемеген.

БҮГІН: (Бәрі емес, әрине) Біліп тұрса айып емес дерсің. Бірақ реті келсін-келмесін өзін білімді, данышпан етіп көрсетіп, ел назарын өзіне аударғысы келетін қыздар санының артып кеткенін жасыру қиын.

КЕШЕ: Сұқ көздерден сақтанып, бөтен сөзден тыйылып, етегін ерте жастан-ақ қымтап жүрген. Оның тәрбиесінің көрсеткішін шолпы сыңғырымен-ақ бағалайтын болған.

БҮГІН: (Бәрі емес, әрине) Жаһандану заманында жүргенімізбен, қазіргі кей қыздарымыздың киіміне қарап жаһандану заманында жүргендей, қарнымыз аша қарайтын халге жеттік. Осы тұста салт-дәстүрді насихаттаушы, Бауыржан Момышұлының келіні Зейнеп Ахметованың мына бір сөзін дәйек ретінде келтіре кетсек: «Не көрсек, соны жасайтын жаман әдетіміз бар. Мысалы, тойда

келін жарты денесі ашық көйлекпен тұрады. Бетінде бір жапырақ фата, оған неменеге беташар жасайды? Онсыз да оның жарты денесі ашық қой. Бетін ашқаннан кейін қарасаң, қайынатасы келіннің жалаңаш денесін ұстап билеп жүреді. Намыс қайда?!».

КЕШЕ: Оның жымығаны – күлгені, күлгені – өлгені. Бұрымдының табиғатына жарасар әсемдік пен сыпайылық бір бойында ұштасып, **қатты күлмеу, айқайлап сөйлемей, үлкеннің жолын кеспеу, ыдыс-аяқты сылдыратпау, есікті теуіп ашпау, босағаны кермеу, үлкендерден жоғары отырмау сынды әдептерге аса жауапкершілікпен қарап, бұлжытпай орындаған.**

БҮГІН: (Бәрі емес, әрине) Қыздарымыз бұрымын қырқып, шашын сыпырып сәнденіп жарысуда. Тіпті, шашы бар аруларымыздың өзі оны сан түске бояп әуре. Бет ажарын адам танымастай шамадан тыс бояп алу, дарақыланып орынсыз күлу, адам аузы бармайтын балағат сөздер айту, ішімдікке сылқия тойып, мас болып, шылымды бұрқыратып тарту және ең сорақысы сол ерсі әрекеттерін әлеуметтік желіге салып, мақтанып, жалған атақ пен даңқ жинау басқа емес қазіргі қазақ қыздарынан шығып жатқаны – өзекті өртер өкініш.

Мінеки, кешегі даналардан жалғасып келе жатқан даңғыл жолдың бүгін ирелең тұстары көбейгенін байқадық. Аурудың алдын дер кезінде ауыздықтамаса, емі болмайтыны сияқты, кей тұста білместікпен ата дәстүрімізге сай келмейтін іс, ерсі қылық, дөрекі мінез көрсетіп жатқан кейбір бұрымдыны дұрыс жолға бағыттамасақ, бүтін бір қоғамның болашағына балта шапқандығымыз.

Дана халқымыз үш түрлі тәрбие мектебі бар, олар: «Ата-ана, көрші-қолаң мен достарының ортасы және имандылық», – дейді. Шашбаулының тәрбиесі түзу болуына отбасындағы ата, әже, әке, ана бейнелерінің барлығы атсалысқанда ғана кемеліне жетеді. Мәселен, абыройлы, қадірлі әке – қыз тәрбиесінің іргетасы. Әке сыйлаған қыз күйеуін сыйлауға қабілетті болады. Оның қаншалықты қылықты әрі құдайдан қорқатынының негізгі өлшем бірлігі – ана. Ал ана бесігін дұрыс тербетсе, бесіктен белі шықпай жатып ары былғанбас еді. Қазақ құда түспес бұрын «қыз анасының мінезі қандай?» деп сұрастырып алған екен. Ананың қызына берер кеңестері мен өмірлік тағылымға толы өнегесі өзге жандардан қарағанда екі есе әсер ететіндігі айтпасак та түсінікті. Содан да болар, әрдайым «Анасына қарап қызын алған» жігіттің жолы болады. Яғни, қыз тәрбиесінде біз ескере бермейтін олқы тұстар аналар мектебі арқылы қайта қалпына келеді. Бұл біздің ең үлкен мүмкіндігіміз екенін назардан тыс қалдырмайық.

Қайнаған қоғам қызығына елітіп, үлкен өмір дастанын енді ғана парақтаған ерке қызыңыздың бірге жүрген құрбы-құрдастары, дос-жарандары, араласатын ортасына абай болған жөн. «Қызың өссе, қызы жақсымен көрші бол» дегендей, кез-келген адам ортасына қарай бейімделетінін баса назарда ұстап, оған жақсы адамдардың ақыл кеңестерін айтып, дұрыс жолға бағыттап отырыңыз.

Адамзаттың ардақтысы Пайғамбарымыз (оған Алланың игілігі мен сәлемі болсын): «Үш қыз немесе қыз бауырларының күнкөріс, басқа да қиыншылықтарына шыдаған адамды Алла Тағала Жәннатқа кіргізеді», – деген. Сахабалардан бір кісі «Екі қызы болса да солай ма?» деп сұрағанда, Пайғамбарымыз (оған Алланың игілігі мен сәлемі болсын): «Иә, екі қыз болса да солай», – деді. Басқа бір кісі «Ал бір қыз болса ше?» деп сұрады. Жауап ретінде: «Бір қыз болса да солай» – деді (Хаким, Хараити). Осы хадис-шәріптен-ақ қызға дұрыс тәлім-тәрбие берудің маңыздылығы тайға таңба басқандай көрініс тауып тұр. Демек, бір ғана қызың болып, оны сұқ көздерден, жаман қылықтардан тыйып, адал жан етіп тәрбиелесең, Алла Тағаланың мәңгілік таусылмас сыйы – Жәннат бақтың тұрғыны бола аласың. Бұл – жеткен табысыңның ең ұлысы.

Ақжол БЕЛҒОЖАЕВ

Жырлайды жүрек

Мақпал әні...

Жанымды жыр қыла көр,
таңымды нұр,
Қос ішек пернесінен ағыл, дүбір.
Тамылжытышы, тамсанып мен тыңдайын,
Мақпал жайлы салшы, аға, әніңді бір!

Жазиралы сол кездің жазына енем,
Сағынышты сарғайтқан сазыңа ерем.
Әуеніңнен ән болып үзіледі
Мақпал қызға арналған нағыз өлең.

Аспан, жердің арасы –
Мақпал... Мақпал,
Сал-серінің сазынан тапқан бақ бар.
Өз алдына өлеңнің өрімі де,
Көз алдыма келеді ақтаңдақтар.

Көктем тумай көңілі көктемеген,
Айналайын, үніңнен төкпелеген.
Сегіз сері әні осы Мақпал жайлы,
Кешегіден бүгінге жеткен өлең.

Жанарынан сол әннің мұңды көрем,
Сырды көрем,
кей-кейде нұрды көрем.
Әуелеткен Әсеттің үкісіндей
Мақпал әні еді ғой үлбіреген?!

Көгімде жұлдызым боп жанбап па еді,
Асылын өлеңінің арнап тегі.
Арқада арда туған Ақан сері
«Мақпал-ау, Мақпал» деп ән салмап па еді?!

Бұл жайлы өткенім көп сыр айтады,
Қуантады,
көңілді мұңайтады.
Мұңдасы, сырласы да, тағдырласы –
Мақпалды Біржан айтпай кім айтады?

Бұл фәни ажыратса ақ, қараны,
Басынан баян көңіл бақ табады.
Сол әуен – бір ғұмыры қазағымның,
Сол ғұмыр – «Мақпал» әні,
«Мақпал» әні..





Анама

*Анашым, жаның аппақ нұрдан ба екен,
Жүректі шымырлатқан жырдан ба екен?!
Мен дүниеге келгелі мына дүние
Өзіңнен аумай қалған туған мекен.*

*Өзіңе ұқсап кеткен қыр, алабым,
Гүл теріп көбелегін қуаладым.
Есімде...
бәрі есімде сүрініп ап,
Еңкілдеп етегіңде жылағаным.*

*Тұнығы өзің екен нұр дегеннің,
Нұрыңмен гүлің болып гүлдегенмін.
Алтыс екі тамырың иігенде,
Мейірімін Алланың бірге емдім.*

*Бітпесе де тірліктің әуресі мың,
Жанымды тербетіп жүр тал бесігің.
Анашым, көгімдегі Күнімсің ғой,
Сол күннің мен бір үзік сәулесімін.*

*Басымда баян тапқан бақ аралым,
Тірліктен осы менің қалағаным –
Жарығың сөнбесе екен, Аналарым!
Жарығың сөнбесе екен, балаларым!*

*Жаратқан сізге берген жарасымын,
...Анашым, жүрегім ай,
жан асылым!..
Мен қайтіп өмір сүре алар екем,
Үзіліп жерге түссе қарашығың...*



Аққу арман...

*Екіндіге таянып тұс бекінді,
Жаным менің сол сұлу құс секілді.
Керуені күндердің өмір емес,
Ұйқтап жатып көретін тұс секілді.*

*Көгім, күнім, мәңгілік көзімдесің,
Көктем барда көңілім көз ілмесін.
Қанаттылар тобымен ұшқым келді,
Өзімді де қанатты сезінгесін.*

*Керуен уақыт, несіне асықтырдың,
Торықтырма, тағдырым,
тасып тұрмын.
Ақ дүниенің арайы – аңсағаным,
Мені мәңгі өзіңе ғашық қылдың.*

*Ырғағына аққудың іштен құмар,
Түсінетін жан болса түстен де ұғар...
Аққу тектес ғұмырым ақ дүниенің
Қанатынан сусылдап түскен жырлар.*

*Бәлкі мұным болар-ау жайт сенбеген,
Жұмбағын шешер болсаң,
айт, сен, көкем.
Айдынымды аялар армандар көп,
Дәриға-ай,
қайтсем екен,
қайтсем екен?!*

*Жұбататын жырларымен сол ақын,
Жалғыз-жарым қалған кезде құса тұн.
Өмір кейде жел секілді соғатын,
Өмір кейде құс секілді ұшатын.*

*Бұл болмыстың бөлекшелеу бітімі,
Сағыныштың сарғайғанда сағымы.
Мендік жүрек соғысының лүпілі,
Біздің ауыл жұлдызының жарығы.*

*Тірлігімнің шырқалған жоқ бар әні,
Аспантаудың асқарынан самғау шың.
Бұрымымнан сипап өтіп барады,
Мамырдан соң мамырланған сол маусым.*

*Айдынымды аймалайды ай жарық,
Аппақ, аппақ армандардың досымын.
Кірпіктерім жұлдыздарға байланып,
Жанарыма жас сыйлады осы күн.*

*Жел құрғатар жанарымның шықтарын,
Не құдірет қара түннің көзінде?
Өлеңдерім өзің екен ұққаным,
Өлең болып кеттім,
жаным,
өзім де!*

*Сезімдер өз бақытын таңдайды ма,
Әуенін ғашықтардың салмайды ма?
Ертегіге еліткен өзің барда,
Тірлік біткен керемет қандай мына?!
Күн көрдім көкжиектен нұрын шапқан,
Түндердің тылсымдары, сырың дастан...
Жүрегім сіз дегенде құстай ұшты
Артына бір айналып бұрылмастан.*

*О, Махаббат!
мәңгілік баста мұңға,
Бақты қалай қиярмын қас қағымға?
Ғашықтардың әуені елжіретіп,
Қалықтасын аққулар аспанымда.*

*Сезімдердің киесі...
түс, аңыз ба?
Бір көруге зар болған құсамыз ба?
Ғашықтардың әуені тербеп тұрсын,
Қол ұстасып зәу көкке ұшамыз ба?*

*Шіркін, бәрі болса ғой «бүгінімдей»,
Ай, жұлдыздар тұра алмас мұны білмей...
Жүрегімнің соғысы сізге ұмтылған
Дүлдүлдердің дүбірлі дүбіріндей.*

*Махаббат, өртесе де өртің мейлі,
Сол өртің мені ешқашан өлтірмейді!
Ақ қағазға төгілген мөлдір өлең
Жанардағы жастай боп мөлтілдейді.*

*Жарық күнге жүрегін тосқан күнім,
Өлеңіме өзіңді қосқам бүгін.
Тылсымымда толқыған сезім нұрын
Қуанышым бұл тұрмақ қоштар мұңым.*


*О өмірім,
Арманды солдырмадың,
Бақыт кешпес түсінбес сордың мәнін.
Тағдырымның басынан сипап тұрып,
Ертеңіме өзіңмен қол бұлғадым.*

*Мен кешкен мұңлы жырдың лағылысың,
Тірліктің қайда апарар ағыны шын?
Жанарымнан жас болып үзіледі,
Көздеріңде қап қойған сағынышым...*

*Мен өмірді сезбегем бұрындары,
Шуақ болған, күнім ау, жырымдағы.
Өлшемдерге сыймайтын сезім нұры
Махаббат деп аталар ұғымдағы.*

*Барын берем алдында арлы үміттің,
Сол үшін де қаншама жанды үгіттім.
Бүгінімен ғұмырымен өлшейтіндер
Қадірін қайдан білсін мәңгіліктің...*

Мақпал МЫСА





Суретте:
Аққыз Ахметқызы

АРҚАДА ӨТКЕН АҚҚЫЗ

Қазақтың күй өнері дегенде, әдетте әрісі Дина Нұрпейісовадан, берісі Айгүл Үлкенбаевадан басқа әйел адамдардың есімдері ауызға іліге бермейді. Алайда, бұл өнер түрі қыз-келіншектер үшін асу бермес белге айналды деп айта алмаспыз.

ӘБІКЕННІҢ БАТАСЫ

Мәселен, көрнекті ақын Есенғали Раушанов осыдан біршама уақыт бұрын «Әйелден ақын шықпайды, күйші не биші болмаса» деп, баршамызды таңғалдырды. Жанат Әскербекқызы сынды өленді жанына серік еткен жандар Есенғали ағаларына жырмен жауап та жазды. Өз басымыз кұстарға кұштар шайырдың мұнысын ақындықтың ауыр жүгін арқалау әйелдің нәзік табиғатына келмейтіндігін меңзегені деп ұқтық. Қалай дегенде де, ақын күй өнерінде әйел затының алар орны бар екендігін мойындайды. Біздің де айтпағымыз осы. Соның ішінде Арқада өткен күйші Аққыз (Мүгүлсім) Ахметқызы туралы сөз қозғамақпыз.

Қазіргі Қарағанды облысының Ақтоғай ауданының аумағында мыңды айдаған Ахмет байдың шаңырағында дүниеге келген Мүгүлсім кейіннен Аққыз атанады. Жергілікті халық оның жарлы-жақыбайларға үнемі жанашырлық танытып жүргеніне, жүрегі мен реңінің ақтығына қарап осылай атап кеткен. Қазір күйшіні осы есімімен танимыз. Күйлерін тыңдағысы келген адамдар «Мәдени мұра» бағдарламасымен шыққан «Мәңгілік сарын», «Қазақтың 1000 күйі», «Сарыжайлау» атты халық музыкасы антологияларынан таба алады.

Өз заманында Аққыз Манарбек Ержанов, Қали Байжанов сияқты ән өнерінің дүлділдерімен қатар жүріп, ойын-сауықтарда, той-томалақтарда өнер көрсетіп, күйші қыз атанды. Арқа күйшілік мектебінің негізін қалаушылардың бірі Тәттімбет Қазанғапұлы болса, оның күйлерінің өлмеуіне еңбек сіңірген бірегей тұлға Әбікен Хасенов бірде өнерлі қыздың ауылына жолы түскенде Аққызға: «Қолың өрмек тоқығандай жүріп тұр екен, тегі күйші боларсың» деп батасын беріп, Тәттімбеттің «Бестөре» күйін үйретіп кеткен.

«ЭКСПО-1967» НЕМЕСЕ МАҒАУИЯ КҮЙДІ ҚАЛАЙ ҮЙРЕНДІ?

Аққыз сол кездегі атақты Қоянды жәрменкесіне қатысып, Тәтекеннің «Қосбасар», «Көкейкесті», «Сылқылдақ» атты күйлерін де шерткен. Бұл деректерді осыдан тура елу жыл бұрын белгілі музыка зерттеушісі Жарқын Шәкәрім күйшінің өз аузынан жазып алған. Сол уақытта Қарағанды музыкалық училищесінің студенті болған ол Аққыз тұрған «Қаратал» совхозына барып, күйшімен кездесіп, әңгімелескен. Күйлерін тыңдап, өзі де қолынан күй үйренген. Іле-шала Қарағанды облыстық «Орталық Қазақстан» газетіне «Күйші Аққыз» атты мақала да бастырған.

Астана төрінде Қазақстанды әлемге әйгілейтін «ЭКСПО-2017» халықаралық мамандандырылған көрмесі өтті. Осы көрменің арғы-бергі тарихын сөз еткенде, алдымен 1925 жылы Париж халқын өнерімен табындырған Әміре Қашаубаевты айтамыз. Алайда, кейін осындай айтулы шараға Әміреден басқа қазақ қатыспағандай жұмған аузымызды ашпаймыз. Ал осыдан дәл жарты ғасыр бұрын Канаданың Монреаль қаласында ұйымдастырылған «ЭКСПО-1967» көрмесіне әйгілі әншіміз Ермек Серкебаев пен дәулескер күйші Мағауия Хамзин барып, өнер көрсеткен. Кейінгісі Аққыз Ахметқызының шәкірті болатын.

Бұл туралы Жарқын Шәкәрімнің жоғарыда аталған мақаласында Аққыздың: «Мен домбыра тартып отырғанда алдыма сары өңді, бидай жүзді кішкентай ғана бүлдіршін келіп отыратын. Ол қайтсем үйренемін дегендей домбырадан көзін алмайтын. Бұл әйгілі «Қоңырқаз» күйін шығарған Әшімтайдың немересі Мағауия еді. Әкесі Хамза үлкен атасының жолын қусын деп өзіне шақтап

кішігірім домбыра жасап беріпті. Сол домбырасымен менің алдымда ұзақ күнге отыратын. Домбыраны ол тез үйреніп алды. Сол Мағаш қазір үлкен домбырашы. Жиі келіп амандасып тұрады» дегені айтылады.

ДИНАМЕН БАРАБАР КҮЙШІ

Артында «Қайран елім», «Аққыз», «Жетім қыз», «Қосбасар», «Қоңыр күй» сынды бірнеше күүді, «Жалған-ай», «Қайран бауырларым», «Аман бол, амал қанша», «Сағыныш», «Ханшайым» әндерін қалдырған Аққыздың Дина Нұрпейісова сияқты аты шығып, неге даңқы дүркіремеді деген сұрақ туындайды. Аққыз туралы баспасөз бетінде алғашқы болып Жарқын Шәкәрім үн қатты. Кейіннен көрнекті ғалым, этнограф Акселеу Сейдімбек күйші әжемен кездесіп, әңгімесін жазып алған. 1977 жылы Алматыға алдыртып, қалың қауыммен кездестірген.

Күйші, музыка зерттеушісі Уәли Бекенов ол жөнінде деректерді «Күй табиғаты» кітабына енгізді. Қазір Аққыздың шығармашылығын белгілі күйші, өнертанушы, Астанадағы Қазақ ұлттық өнер университетінің профессоры Жанғали Жүзбай індетте зерттеуде. Аққыздың бірнеше күйін нотаға түсіріп, баспасөз бетінде күйшіге қатысты мәселе көтеріп жүр.

«Аққыз қазақтың күй өнерінің шоқ жұлдызы, оның дәрегейі, күй анасы Дина Нұрпейісовамен барабар, қазақ қызының басындағы трагизм екі күйшіге де ортақ. Дина күйлерінің қоңыр үні қамкөңіл қазақтың намысын жаныды, жігеріне жігер қосты, замананың тас емшегін жібітті. Аққыз болса қазақ даласының мәңгілік еркіндігін жырлады, оның жүректің қылын шертетін сырлы шертпелері сахараны азат сазбен тербеді, әндері елдің мұңын қозғады» – дейді Жанғали Жүзбай.

Алайда кеңес заманында Аққыздың өнерінің өрістеуіне, күйлерінің жалпақ жұртқа танылуына бірнеше себептер кедергі келтірді. Атап айтар болсақ, оның қуғын-сүргінге ұшырап, айдалып кеткен байдың ұрпағы болуы, кеңестік кезеңнің «жарқын» саясатына күйлерімен үн қатпауы, шығармашылығын еркін, бойындағы өнерді таза ұстауы көп жерде атын ататқызбады. Тіпті, оның айдалаға барып, елден жасырынып отырып күй тартқан кездері де болды.

МУЗЫКА МАМАНДАРЫНЫҢ ҰСЫНЫСТАРЫ

Бір қызығы, Аққыз Әбікен Хасеновпен түйдей құрдас болса, шәкірті Мағауия Хамзиннен тура отыз жас үлкен. Үшеуінің де мерейтойлары осы жылға дөп түсіп тұр. «Аққыз – сыршыл, Әбікен – ойшыл, Мағауия – сөзшең. Үшеуі біріге келгенде, Арқа күйшілік мектебінің барлық қыр-сырын ашып тастайды» – дейді Жанғали Жүзбай олардың өнердегі ерекшелігі жөнінде.

Өнертанушы Аққыз есімін мәңгі есте қалдыру мақсатында бірнеше ұсыныстарды айтады. Соның ішінде атына көше мен өнер ошақтары берілсе екен деген тілегі де бар. Ұсыныстары әбден орынды деп ойлаймыз. Мұны Жарқын Шәкәрім де қолдап: «Астана және Алматы қалаларында, сондай-ақ Қарағанды қаласында Аққыз Ахметқызының атына көше берілсе; Қарағандыдағы мамандандырылған музыка мектеп-интернатына Аққыз Ахметқызының есімі берілсе және мектеп алдына кеуде мүсіні орнатылса; Аққыз Ахметқызы атындағы Республикалық шертпе күйшілер байқауы дәстүрлі түрде ұйымдастырылса» – дейді.

Тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйінін айтқанда, Ақтоғай ауданының орталығында Аққыз Ахметқызының атында балабақша жұмыс істеп тұр. Онда баратын балдырғандар Аққыздың рухында тәрбие алып жатқанына сенеміз. Кім біледі, сол жерден ертең Аққыз Ахметқызы, Күләш Байсейітова сияқты қазақтың ән мен күй өнерін асқақтататын өнерпаздар түлеп ұшатын шығар.

Аманғали ҚАЛЖАНОВ

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ

Әділхан ШОРАБЕК

Медиа департаментінің директоры

Жандар АСАН

Баспасөз және қоғаммен байланыс бөлімінің басшысы

БАС РЕДАКТОР

Гүлім КӨПБАЙҚЫЗЫ

КӨРКЕМДІК РЕДАКТОР

Гульчахра ЖЕКЕМБИЕВА

ФОТОТІЛШІ

Дәурен АБДИЛДИНОВ

Редакцияның мекен-жайы:

050000, Алматы қаласы, Әйтеке би көшесі, 99 үй

Медиа департаменті, 1 қабат, 111 бөлме

Байланыс телефоны: +7 (727) 279 38 05, +7 (775) 628 28 48

E-mail: qyzgumyr@gmail.com

Меншік иесі: Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің «Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорын

Журнал Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің «Ақпарат комитеті» Мемлекеттік мекемесінде есепке қойылып, 2018 жылдың 03 наурызында №16970-Ж қайта тіркеу куәлігі берілген.

Журнал редакциялық-баспа бөлімінде басылды.

Баспаның мекен-жайы: 050000, Алматы қаласы, Гоголь көшесі, 116 үй

Байланыс телефоны: +7 (727) 279 38 33

Журнал 2013 жылдың наурыз айынан бастап шығады.

Басуға қол қойылған күні: 04.12.2018 ж.

Түрлі-түсті басылым, қалпы

Пішімі 60x84 1/8

Офсеттік қағаз. Компьютерлік терілім.

Өріп түрі «Times New Roman» Riso басылымы.

Шартты баспа табағы 6

Таралымы 500 дана.

Тапсырыс № 194